


ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

БАЙҚОҢЫР
БАСПАЛДАҚТАРЫ





ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ



БАЙҚОҢЫР
БАСПАЛДАҚТАРЫ



ДАСТАН ЖӘНЕ ӨЛЕҢДЕР



ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМЫТЫ — 1977

Қаз. 2

М66

Молдағалиев Жұбан

М 66 Байқоңыр баспалдақтары. Дастан және өлеңдер. Алматы, «Жазушы», 1977. 140 бет.

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жұбан Молдағалиев бүгінгі жасампаз өміріміз жайлы кең толғап, кемел шығармалар жазып келеді. «Байқоңыр баспалдақтары» атты жаңа кітапқа ақынның осы аттас поэмасы мен бір топ жаңа өлеңдері енді.

Түркісіб шпалдары, бесжылдықтар —

Бүгінгі Байқоңырдың баспалдағы!— деп өзі жырлағандай, ақын Ұлы Октябрь жетістіктерін көркем бейнелейді.

Қаз 2

М $\frac{701103-141}{402(07)-77}$ 78—77

© «Жазушы», 1977.

ΠΟΕΜΑ





БАЙҚОҢЫР БАСПАЛДАҚТАРЫ

1. ИСАҚҰЛ МЕН АҚЫН

**Ассалаумағалайкүм, Исақұл қарт!
Түріңнен тұр даланың исі аңқып-ақ.
Күлкіңнен көрінеді күні өлкеңнің,
Даусыңнан дабылдайды күй саңқылдап.**

**«Исі» деп айтам дәстүр, халқыңды, ұлтты.
«Күні» деп айтам жомарт жарқындықты.
«Күй» десем, шалқыған шат көңілді айтам,
Қай заман бүгінгіше нарқыңды ұқты.**

**Әйтпесе сен жоқ жатқан қарттық үгіп,
Кереңдей қатты сөйлеп, қатты күліп.**

Құлақты қоңыр даусың аялайды,
Қиырға қиял көзі жатты үңіліп.

Аман ба ақ жеңгеміз Балшайымың?
Кеткен жоқ дәмі ауыздан бал шайының.
(Шайы да, сапар да әлі өтелмей жүр,
Ақынның кешер ме уақыт барша айыбын?)

Аман ба бала-шаға, ауыл-аймақ?
Даңқына даланың да дәуір айғақ.
Жоқ өлең толғағынан ауыр толғақ,
Келмейді кейде оның дауылы айлап.

Солайша көп күн өтті көріскелі.
Дүниеге көп жаңалық, көп іс келді.
Ақын да қойторыдай ері алынбай,
Аралап жүрді ой-қырда, өрістерді.

Тыңдады бұлбұл әнін, байғыз үнін,
Көзіне қарамады қай кісінің?
Жүректен өткізді сан

Дүмшуілін

Жаһанның шаттығы мен қайғысының.

Аңқылдақ — ақын,

Бірақ ез кісі емес.

Адуын, аршыл,

Бірақ без кісі емес.

Бір де бір сейсмика аппараты
Ақынның жүрегінен сезгіш емес.

Кейде, рас, симасы бар ақылға ары.
Болады махаббат тек ақырғы әні.
Мақал бар: өле-өлгенше қартаймайтын —
Бұқаның тұмсығы мен ақын жаны...

Аузы бос, қалта тесік, құшағы ашық,
Қиялмен қыраннан да ұшады асып.
Іздейді көктен шабыт, жерден шабыт,
Өлеңнің кетпесін деп құсы адасып.

Қиқуға, қызықтауға үйір әрі,
Қызады күреске де бүйірі әрі.
Жүрсе де сұлулықты үлестіріп,
Өзіне сұлу сирек бұйырады.

«Қартайдым» десе ақын — өлгені, де.
(Құрысын, құр тұмсықтан өнгені не?)
Арулар нәлет айтсын, жыртсын жырын,
Ондайлар қартайтпақ деп өңгені де.

Не шықсын ереуілге

ызбарлы ерек,

«Ақындар, алжымаңдар біз барда!» деп,
«Жалынсыз жырлайды кім жастықты?» деп,
«Махаббат жыр жүрегі мұздар ма?» деп!

Әзіл ғой.

Әзілсіз күн құрысын деңіз.

Жыласын ақын жұртпен, күлсін егіз.
Мәз болсақ, көп ішінде мәз боламыз,
Күрсінсек, елмен бірге күрсінеміз.

Ақынға жараспайды құзды ықтау да.
Хас күнә жігіт пенен қызды ұқпау да.
Жаралған ащыны ақын тұшытуға,
Жасайды тұщыны ақын тұздықтауға.

Халықтың

«Уһ» дегендей бір деміміз,
Ол сауда, біздің де сау жыр-деніміз.
«Әуц» десе, біз де сәл бір демеуіміз,
Сол үшін, ия, алынбай жүрді еріміз.

Үніміз — ел үнінің жаңғырығы,
Лүпілі жүрегінің, жан дірілі.
Жырымыз — айдың түнде бір сәулесі,
Аптапта — бір тамшы шық,
жаңбыр нұры.

Ой көзін көре алмайсың рентгенмен,
Биік те бола алмайсың піренгенмен.
Тілейді ел адам жанын жаюды алға
Жер-ана емшегінен жыр емгеннен.

Жаралдым мен де ақындық құрсағынан.
Қаламның асауы емес, қырсауы лаң.
Ендеше бармаймын ба Байқоңырға
Босанған жер тартуы құрсауынан?

Бермеді ой қыстай тыным, жаздай тыным,
Білмеймін жыр боп қалай маздайтының.
Соны айттым республика басшысына,
Әдетім — көріп алмай жазбайтұғын.

Көп рахмет, жасай гөрсін ғасыр әлі,
Секілді халқымыздың асыл ары.
— Жол болсын!— деді Басшы бірден қош ап —
Жоқ елдің

Ақынынан жасырары.

Бұл күнде алыс емес ай да қырдан,
Ақталып жатыр ғой — деп — қайда да арман,—
Мұң екен телефонға «әу» деуі тек,
Зымырап бір-ақ шықтым Байқоңырдан.

Сол жолы кездестік біз, Исақұл қарт,
Қарсы алдың құшақ жайып, күйше аңқылдап.
Іргенде жатты атақты космодром,
Ғарыштың тұрды айнала исі аңқып-ақ.

Есімде әр сөзің, бет құбылысың,
Куәгер бір ғасырға қыр ұлысың.

Көрдiң сен жер тiстеген мешеулiктi,
Жасастың жаңа дүние құрылысын.

— Сезсем де жылдар жолды еңсеруiн,
Мың шүкiр,— дедiң — әлi еңселiмiн.
Пыр еткен бозторғайдай табан асты,
Мен көрдiм,— дедiң — тұңғыш жер серiгiн.

Мен көрдiм Гагариндi,
Көргенмiн мен...—
Деп кеттiң шалқи түсiп, көл көңiлмен,—
Айтпақшы, күңiренiп Қорқыт ата
Аттанған осы арада көрге өмiрден...

Отырдың, о да есiмде, малдас құрып,
Шежiренiң бетiн баяу алмастырып.
Ниетiң сөздi қойып, сыйлау болды —
«Ал, ал» деп тұрды бiздiң алда ас тұнып.

Турылған сары қазы тiлiм күндей,
Көрсен оны,
Өлген қазақ тiрiлгендей.
Бұлығы бұлкiлдеген ақ самауыр
Ыңыранып, «сауыны» жетiп тұр iнгендей.

Қойылды бал бауырсақ ортаға әрi,
Қазақтың қасиеттi ол нұр тағамы.

**Түйілсе, жұдырығың томарға ұқсас,
Күмәнсіз**

қақтыққанды қаусатқаның.

**Әлі өнді, тотықса да, құбаша жүз,
Тұлғаң да тапжылмастай, құласа құз.
Шегерсе жетпіс бестен қырық — отызды,
Көз сүзер еді талай құдаша, қыз.**

**Үстіңде мақпал костюм мол пішілген.
Көргем жоқ бірақ олпы-солпысын мен.
Келісті ақ көйлек пен малақай да.
Қарайсың жылы жүзбен, зор пішінмен.**

**Жайың бар әлі біраз жүк алғандай.
Сөзден де сені, Исеке, жығар қандай?
Әйтсе де өз сырыңды әрең алдық,
Еменнен шеге суырып шығарғандай.**

**— Қолында барым мына хатшымыздың.
Одан да дәмнен тоя татшы біздің.
Қасында батыр барда, басшы барда,
Не сөйлер кәрі қурай қарт сыбызғың?**

**Азамат алты бала атасымын,
Сөларға бердім барша бата асылын.
Мұрам да, аманат та — адал еңбек,
Атайды ел ісіне орай, атаса ұлын.**

Сол еңбек болды менің бақ-таланым.
Өзіме, өзгеге де ақ талабым.
Қос қолы қалтадан өскен бар дейсің бе,
Кешіңдер, не деп бұған мақтанамын?

Соны айтып бір-бір қарап үш қонаққа,
Деп күлдің:

— Сөз — шешенде, күш — қанатта.
Айтпақшы, болды ертеде Ермен ақын,
Өлеңмен қарсы тұрған ұшқан оққа.

Ғашық па, кектесу ме, намыс ұлы
Бір байдың тоқалымен табысулы.
Жатыпты жасырынып Сыр бойында,
Ол кезде қоға қалың, қамысы ірі.

Әңгімең ауа сірә беттегендей,
Сеземін кезікті олар дертке нендей.
«Біреудің нең бар, ақын, қатынында,
Жас болсаң, жасаң қыздар жетпегендей?»

Деп ойлап іштей күлем, ызаланам.
О, бәлкі, бастан жақ та ұзамаған...
Кірісті сол арада хатшы кенет,
Тимесе сөз қытыққа, қыза ма адам.

Хатшы-екен судай екен қазақшаға,
— Сырыңды,— деді — қыстың азапша, аға.

**Жер шарын орағандай жүрген жолың,
Жетпеген космосқа тек аз-ақ шама.**

**Секілді жаңа дала жыл құстары,
Түркісіб, Мойынты-Шу құрлыстары.
Қырық жыл теміржолшы, төрт жыл майдан,
Қария отқа апталып, бұға ысталды.**

**Қазыдай әр тілімі қауыны нән,
Кәдімгі Қарасақал ауылынан.
Алдияр жұмысшы тап — шын руы,
Ардагер большевиктер қауымынан....**

**Қарт бұған қысылғандай, қара терде.
Қарайды түс дегендей ара төрге.
Тұжырып төреліктей қосты бір сөз,
Ағалап дос генерал Анатоль де.**

**— Бір ғана космонавт па аспандағы?
Қаншама биіктерді басқа алмады?
Түркісіб шпалдары, бесжылдықтар —
Бүгінгі Байқоңырдың баспалдағы.**

**— «Байқоңыр баспалдағы» дедің бе, інім,
Егескен, еңбектенген елдің күнін?
Апыр-ай, аталы бір сөз екен бұл!
Рас-ау, кім өшірер ердің гүлін!..**

Шап бердің солайша сен тосын сөзге,
Тұрғандай турылып сыр осында өзге.
Сарт етті жыр атындай ол маған да,
Старт түз елестеді сосын көзге.

«Баспалдақ» деп күбірлеп қайталадық,
Басқа сөз таусылғандай айтар анық.
Секундқа әркімді оймен оңашалап,
Кеткендей сиқыр қиял сайтаны алып.

Үй іші тым-тырыс боп тына қалған,
Әлдилеп, тербегендей шуақ арман.
Әркім өз баспалдағын іздегендей,
Маған да шыққандай ол шын-ақ алдан.

Ойлаймын: «Ақынның да толы ісі бар,
Сол үшін терлеуі бар, тоңысы бар.
Миллионнан бір басқышы Байқоңырдың,
Кім білген, поэзия томы шығар.

Өлеңді ендеше, ақын, құй жалынша,
Риза космонавт да сыйға мұнша.
Грамм жүк космосқа артық ала алмайды ол,
Жыр тиер жүрекке тек сыйғанынша.

Генерал, болды ойыңның өрінде не?
Сенің де баспалдағың көрінді ме?

Тұра ма ол солдаттың сап адымынан,
Арқандай обмоткадан өрілді ме?

Не түсіп кирзі етіктің іздеріне,
Жас шақты жорықтардан іздедің бе?
Елестеп кетті ме екен майдандастар
Оймен де көз жеткісіз тізбегіне?

Армия дейсің бе әлде, кексе арыстан,
Көпір де, баспалдақ та көп салысқан,
Бір қолын ракета пультінде ұстап,
Бір қолмен егін орып, шөп шабысқан?

Жер үсті, күн асты көз қиығында,
Генерал, күлкі ойнасын миығыңда,
Көктегі жұлдызға да жауаптысың,
Жұлдыздай тұрған жайнап иығыңда...

Білмеймін, хатшы ойымен қайда болды,
Деу қиын көкте болды, айда болды.
Жерде де жұмысы оның кеңірдектен,
Тигізді әрең осы шайға қолды.

Айтқан жоқ көп деп бірақ іс дейтінің.
Алғандай әңгімеден іштей тыным.
Ақындай оның да ойы демалыссыз,
Бірі о да наны оңайға түспейтінің.

— Тебінбей ұша алады қыран қалай?
Жер — тірек, жер қанатты ұланға бай.
Арман не, — деді хатшы — басқыш түгіл
Болсақ та не шеге, не бұрандадай.

Айтпаймын соқсын жел тек арқадан деп,
Гүл болсын, алып болсын әр қадам деп.
Айтамын өзіме тек Абай сөзін:
«Сен де бір кірпіш дүниеге —
Кетігін тап та, бар, қалан» деп.

Солай деп қазыны алып жең тұлғалы,
Хатшы-екең қос табаққа тең турады.
Дауыстан дүр сілкініп мен де, Исеке,
Тіледім тағы айтса деп сен туралы.

Сен болсаң, жүзіңе бір жас күш кіріп,
Қиялды тау асырып, тасқа ұштырып,
Отырдың, өзің салған шпалдарды
Көкке бір көтергендей басқыш қылып.

— Рахмет, қарақтарым, елеп келген.
Ісім жоқ, — дедің — менің ерек те елден.
Мешеу де, қанатты да уақытпын мен,
Уақытпын құмдай желмен електелген.

Уақытпын тас түнерген, жарқылдаған,
Сыңсыған, дауылдатқан, сарқылдаған.

Уақыттын жаяулаған, зулап аққан,
Күйіндей домбыраның әр күн маған.

Уақыттын есте тұтқан ел сарынын,
Құлағы болмасам да жер шарының.
Сеземін, саған да, ақын, керегі сол
Қазақтың «көпті көрген» дер шалының.

Мен сержант, сәлем берді генерал кеп.
Жалпақ тіл жайды ертеде жанарал деп.
Елші емес, жаушы болып бұл арада
Аталған Перовский «жаналар» деп.

Хатшымен бір ұйымда есептеміз,
Дегендей төскей де егіз, төсек те егіз.
Аш құрсақ — әңгіменің жауы, достар,
Халықпыз қасын да аспен кесектер біз.

Жапанда жүгірмесе, жүдер елік.
Бермейді, шешілмесе, шідер ерік.
«Байқоңыр баспалдағы үшін!» деп те,
Қанеки, бір-бір алып жіберелік.

Исеке, құлдық еттік дегеніңе.
Жоқ-ау, жоқ жомарттықтың шегі елімде.
Қазақ қой өзі аш қалып, қуанатын
Қонақтың барды ішіп-жегеніне.

Жолшының жүгеніне оратылып,
Келіпті көңіл таңын ол атырып.
Сен қалай бізді оң-оңай босатарсың
Бар болып, соның ұлы бола тұрып?

Қажет-ақ бір-бір құрсақ әр асыңа.
Ойың жоқ қоятын да әрі асыға.
Сығымдап шығардың тек сырларыңды,
«Алыңыз, алыңыздың» арасында.

Айғайлап тыңдата ма ақыл үнін?
Аз сөзбен көп түсірдің нақыл ығын.
Отырдың сұраққа не жауап беріп,
Жырдың кіл ұсынғандай тақырыбын.

Жаңғақтай жақсы сөздің дәні ішінде.
Көп алғыс дән үшін де, дәм үшін де!
Мен саған оймен әлі оралармын
Осынау дастанның да дәл үстінде.

Сөйлермін кейде сенің сөзіңменен,
Қарармын, бәлки, уақыт-көзіңменен,
Сен емес кейіпкерім, заман, ия,
Сен оны бұрын айттың өзің менен.

2. БАЙҚОҢЫР ТАҢЫ

Апрель.

Он екісі.

Таң да жуық.

Тіршілік жоқ сияқты маң да жуық.
Кербез түз, қарагер түз шырт ұйқыда,
Жолдарда жатыр шықтан шаң да бұғыш.

Демек, күн өз орнында батса керек.
Мал-жан да мезгілінде жатса керек.
Не дер ек қойынынан сол даланың
Жарқ етіп бір бөлек таң атса кенет?

Онда Жер босап алып шеңберінен,
Ғарышқа тартқан дер ем ең кемі мен.
Немесе бір кесек күн шықты дер ем
Қазақтың аспаны емес, кең белінен.

Қиялға берсең болды бір ғана ерік,
Бітеді кейде осылай жырға желік.
Жасырған ғашықтарын, қашқындарын
Қашаннан түз түні тек сырға берік.

Келеді адалдықтан дала танбай,
Беті ала болса-дағы ала таңдай.
Ал менің арқау осы дастаныма
Бәрі емес, бір пұшпағы алақандай.

Сол жерде дабырламай, дабылдамай,
Асықпай, абыржымай, дамылдамай,
Дүмпуіл демі ішінде

таянғандай,

Дүниені дүр сілкіңтер дауылдардай.

Жоқ белгі үрей дердей, желік дердей,
Тұтқандай жүйкені нық,

ерік бермей.

Күтудің, күтінудің тыныштығы
Шарт етіп

шорт үзілер серіппедей.

Түріңкі сол араның мақпал түні,
«Даярмыз! Даяр тұр!» дер ақпар тілі.
Қыратта серейеді жалғыз тұлға,
Жарқырап жас қайыңдай ақ балтыры.

Әлде бұл алыптың бір

аяғы ма?

Немесе тіке түскен таң ағы ма?

Не мың жыл осы араны түрткілеген
Шопанның ескерткіш пе таяғына?

Керсе оны түздің көзір қара шалы,
Дер еді: бір ғажап дәу тұр ашалы.
Аз жұлдыз алыс көктен көзі жетпей,
Кірпігін бір жұмады,

бір ашады.

Әлдекім түйреді ме жебе түнге?
Қалам ба дыр дастанға жегетін не?
Тұр содан аулағырақ, төменірек
Екі үйшік

Қарауытып жел өтінде.

Адамның осында да бар ма аяғы?
Ауылдан секілді еді шалғай элі.
Төрт бұрыш орамалдай

Күнге жайған

Кішкене қос терезе сарғаяды.

(Адамзат аңыз етер сірә ертеңін,
Аз қалды ашылуға сыры өлкенің).
Әзірге кірейік бір бөлмесіне
Тымпиған қорабындай сіреңкенің.

Ілінген қабырғада бөрте кілем
Жауып тұр жай диванды етегімен.
Ас стол, төрт орындық, кресло,
Телефон тозған

уақыт жетегінен.

Шкафтан, шағын кітап сөресінен
Қарайды ой көздері өресі кең.
Жоқ емес поэзия томдары да
Тұрмайтын төр-төрлерде төресінген.

**Жиһаз жоқ, қағаз да жоқ қопыраған.
Тыныштық.**

**Дерсің тірлік тоқыраған.
Шынтағы стол үстінде, қолы жақта,
Ой ояу, көз жұмулы отыр адам.**

**Бөлмеге жаңа ғана кіргені де.
Минуті аз тізе бүккен ілгеріде.
Жүзінде шаршау да бар, шаттық та бар,
Дегбірсіз күткені не, ділгері не?**

**Дембелше денелінің иықтысы.
Оңаша отыр дел-сал ұйып кісі.
Әзірге демі іштегі дүмпуілдің
Сірә осы миы, оты, ұйытқысы.**

**Алмайды қазір ешбір күш үңіле,
Құлақ та қояр ол жоқ кісі үніне.
Кеудесі, ойлы көзі, бас бітімі
Ұқсайды келешек тас мүсініне.**

**Мүсін де, ескерткіш те соғылады,
Қазір ол жердің жатқа жоқ ұланы.
Бас дейді, Бас конструктор дер газеттер,
Жеткенше міндетті ажал оғы лаңы.**

**Бар оның толып жатқан тағы атағы,
Ойына өріс берді таң Отаны.**

Сол үшін, күллі адамзат, жер-ана үшін
Сәлден соң тұңғыш

космос таңы атады.

Не өзі, не бірі оны атырардың
Ол кейде ұмытты өз аты барын.
Космос деу — Королев деу, Гагарин деу,
Жұмбақтап не басымды қатырамын.

Бүгінше өзектінің бірі ғана-ақ,
Болса да даналыққа бұрын қонақ.
Кейіннен жер-жиһан боп бас исе де,
Жоқ әлі «Сол!» дейтіндер бұрыла қап.

Білуші аз кәсібін де, мекенін де,
Академик, Еңбек Ері екенін де.
Ботадай

тіл мен көзден сақтайды елі,
Баурынан аулақ етпей екі елі де.

Дейді оны ерте ержетті, жас терледі,
Сүрінсе, тұра ұмтылды, асты өрлерді.
Атаққа бәсекесі жоқ болса да,
Арда ақыл, соны жолды қастерледі.

Күймейді жанған отқа

көшпен түскен,

Көрікті өмір іспен,

көктем де іспен.

Ұстазда шәкірт болса, шәкіртте — ұстаз,
Дана жоқ жерден шыққан, көктем түскен.

Біл тек не үйренуді, үйренерде,
Өзіңді, өзгелерді сүйре де өрге.
Осы үйдің бір тұрғыны — Циолковский,
Жат емес Эйнштейн, Кюрилер де.

Алда ашық алғыстары жерінің де.
Некролог оралтпақшы кері күнге.
Кімнен де жылы сөзді аямайтын
Сол менің тіріде бір «жерігім» де.

Білемін мұндай сөздің одағайын.
Бақыттан кенде емеспін, жоқ, ағайын.
Ап жылы туылсам да нанға емес,
Тоқтағы жақсы сөзге қомағаймын.

Ойлаймын пендешілеп, адамшылап,
Шынымен дәметіп-ақ, алаңсып-ақ;
Достарым мен өлгенде айтатынын
Айтса ғой барымда да авансылап.

Мұны ойлау мендейлердің мауқына тоқ.
Ал оның уақыты да,

зауқы да жоқ.

Өзгенің он өмірі жетпейтін іс
Көрінер оның орта ауқымы боп.

Көз салса, ой жіберсе ол өткенге,
Жүргенін көрер еді өр-өткелде.
Жасаған сол ғой тұңғыш Жер серігін,
Барлауға Лайканы жөнелткен де.

Ұшырды мынаны да, ананы да...
Ол бірақ болған істі санады ма?
Ойлады болатынды, болашақты,
Арнады миды да оған, сананы да.

Арман сол бұл таңда да, ол таңда да.
Таңырқар әлі-ақ талай сортаң дала.
Қонады Луноход Айға барып,
Жетеді корабльдер Шолпанға да.

Адамның аяғы да басады Айды,
Болмасын, болсын олжа аса майлы.
Биік жоқ, терең де жоқ ақыл-ойдан,
Ақыл-ой ізденуден босамайды.

Бұдан да кету мүмкін әрі құлап,
Теңізге куә болар кәрі бұлақ.
Озар да анадан қыз, атадан ұл,
Бүгіннен басталады бәрі бірақ.

Шығады ерлердің де ізінше ерлер,
Бірақ ел тұңғышын тек бірінші дер.
Туады не қырандар, биік те ұшпақ,
Бірақ ол — оныншылар, жүзіншілер.

Космос тың — сынар небір «соқаны» әлі.
Болады қара да, ақ та оқа дағы.
Космос — жол, жан баспаған, ой өтпеген,
Көп оның «ой-шұқыры», шоқалағы.

Қаңтарда бұзу қиын омбы қарды,
Жол салған омбығады, домбығады.
Батырлар бет бұрмайды дауылдан да,
Қорқақтар бір аттаса, он бұғады.

Жақсыдан салт қалады, ат қалады.
Жаманнан, қалса орнында, тат қалады.
Королев — ия, ертеңгі Королев бұл —
Басын күрт көтеріп ап, жалт қарады.

— Келдің бе, мама? — деп ап, тына қалды:
Ана жоқ, дыбыс та жоқ, тұман алды.
Апыр-ау қайда даусы, нұрлы жүзі,
Қайда әлгі шашын мұның сылағаны?

Отырған ақырын кеп ол қасына.
Бардай-ақ әмірі де, қолқасы да.

Басталып кетті әңгіме екеуара.

— Сережа, шыныңды айтшы қорқасың ба?

— Жоқ, мама, қорықпаймын, жүрексінем.

Жөя боп па озбай жатып жүрдексіген.

Айтпақшы, отырсың сен нені сөз қып?..

Қайғырма қатып менің жүр деп сілем.

— Жалтарма, жараспайды, балам, саған.

Пәлі де, сырт біреуге баланса анаң.

Ана ма, перзент демін сезбесе ана?

— Кеш, мама. Таңым, ия, бұл аңсаған.

— Іске сәт! Бәріңді де мақтан етем.

— Жә, мама, радионы бақ таңертең.

Мені қой, басқа ұлыңа бас иер-ақ

Корольдер ұшып тұрып тақтан ертең.

— Айтшы, ұлым, арманың бар тағы қандай,

Тағдырдың бұдан үлкен бағы қандай?

— Әуелі сапар осы құтты болсын,

Адамның ұлылығын танығандай.

Білмеймін отыр кімге ұқсап ұлың.

Қалған жоқ, шыным, мама, түк сабырым.

Арман не «шабаталы» Россия

Космосқа шықса бүгін, шықса бұрын!

Жоқ одан ала ісім де, дара ісім де,
Туса да ми мен қолдан, анашым, не.
Әрине, бақыттымын, бақыттымын,
Сені мен мынау дарқан дала үшін де.

Армансыз жетеді кім кемеліне?
Ол бітсе құр сұлдер тек, де, мені де.
Арман — ол жанға қанат, желкенге жел.
Толқынсыз теңіз соқпас кемеріне.

— Ғылымға разы, ұлым, анаң да әмән.
Күн де бар қорыққан да алаңдаған.
Тобықтай бұлтылдаған доп үстінде
Тұрғандай

Жерді басқан адам маған.

Әлі есте Хиросима қасіреті.
Қылмысы ғылымның ол, ғасыр дерті.
— Ол, мама, ақыл емес, ар күнәсі,
Көріп қой деген есен, насыр өрті.

Ол есеп қырғынды, ия, дертсінбеген.
Мен де оны жер есінен кетсін демен.
Ол есеп Жапонға атом жарылсын да,
Гүрсілі көршісіне жетсін деген.

Көрші жоқ қалтыраған одан бірақ.
Аттады алымдырақ, адымдырақ.

Қолында тұр атом да, басқасы да,
Қатердің, қасіреттің алдын орап.

Біз емес өзін ғана зор тұтатын,
Біз емес өзгелерді қор тұтатын.
Доп емес, Жер мәңгілік тіршілік ол.
Дүниеде күш жоқ сені қорқытатын.

Жер — ана, біз, адамзат — түлегіміз.
Үстінде еңбегіміз, тілегіміз,
Ол үшін ақыл да ортақ, ауа да ортақ,
Бас болып күзетінде тұр еліміз.

— Көп рахмет, көңіл, балам, дауаланды.
Білмесін жер лаңды, ауа лаңды.
Қайырлы қадам болсын, қарақтарым,
Сарғайма, сағындырма Хауананды.

Жайнасын жемістер мен сән бағыңнан,
Сәлем, де, сау оралсын саңлақ ұлан.
— Жүдесем, жоқ, жұмыстың көптігі емес,
Бақыт пен ұлы сенім салмағынан.

— Есте тұт: бәйек саған болады ана.
Батыр да, дана да оған — бала ғана...
Королев, айттым, басын көтергенде
Үңірейіп тұрды әйнектен дала ғана.

Сібірлеп бозғыл сәуле келеді өніп,
Арманы әнеки тұр кеме болып.
Тұңғышы ол, адамзаттың барлаушысы,
Кім білсін, шығар қандай неме болып.

Жетер жоқ қай-қайда да жер бетінде
Тұңғыштың тұмса тапқан
бейнетіне.

Тәтті де, сұлу да жоқ анаға одан,
Ыстық-ақ кенже де, рас, дейді етіңе.

Ғалымның есі-дерті тұңғышында,
Шаншылған ақ найзадай шыңға ұсына.
Тұмшалы, томағалы ол әзірше,
Ұқсайды тұмсықты дәу түн құсына.

Сонымен Бас та тұтас дене дерлік.
Үлгірді оймен тағы кемеге еніп.
Иненің жасуындай тетіктер де
Есінде қалғандай-ақ шегеленіп.

Қанша қол, қанша мимен түлетті адам.
Аяған кім бар күш пен тілекті одан?
Ғалымға бұл ғаламат
құралғандай

Тетіктер емес, жанды клеткадан.

Жасасты ақыл-ойдың сан тәңірі,
Жасасты жұмысшы жұрт таң тап ұлы.
Соқтырды чертеждер тек жүректерді
Секілді сан-сапат кіл қан тамыры.

Немене бірдің ойы, бас үлгісі?
Асылды таныр болса — асыл кісі.
Королев орынынан тұрды үрдіс,
Келгендей бас-басына бас игісі.

«Мың алғыс сеніміңе сенің де, елім!
Сыйының, сүйенгенім — сенің белең.
Жүректің жалыны да — сенің отың,
Демім де кеудедегі — сенің демің.

Мың рахмет змейкаға,¹ планерге,
Құлшынтқан құс қанатқа,
қыран өрге.
Әр әрпі ана сүті тамшысындай
Мың рахмет Әліппеге бұлағы елде.

Зерігер бақыттан да басыр пенде.
Жоқ, жоқ, мен жүрем иіп басымды елге.
Жар, әке, ғалым болып жасап келем,
Білмеймін қайсысы тек басым менде.

¹ Аспанға ұшыратын қағаз ойыншық.

Жүресің бірде қатты, бірде ақырын.
Жетпейді бірде уақытың, бірде ақылың.
Болады жарқылдау да, сарқылдау да —
Құнындай нәрсеге де бір бақырдың.

Тіршілік тәтті сірә сонысымен.
Күлкімен, күйігімен, сом ісімен...»
Королев шорт кескендей сейілді ойдан,
Ойы үйге бекіткендей оны ішінен.

Ол — терең, болмайды оны бойлауға да.
Ол — биік, туған күнін тойлайды Ай да.
Мелікі — ақынның өз топшылауы,
Әйтпесе Королевше ойлау қайда?

Ер атын есте тұту — міндетті елге.
Тәуекел, шықтым жырды мен де ертеуге.
Ғасырлық әр мысқалы даналықты
Сыйғызам деу жоқ әсте минуттерге.

...Бозарып келеді түз түн ыстаған.
Королев отыз минут тыныстаған.
Сағат пен жүрек қана болмаса ше,
Айнала аласталған дыбыс тәмам.

Тыныштық өзге үшін тек, бұл үй емес.
Бас ғалым жалғыздыққа үйір де емес.

Ол эне ештеп басып көрші үй барды,
Берейік бөлмесінің біріне елес.

Бұл да сол біздер көрген бөлмедей нақ.
Жұпыны тіпті одан да,

ол кедей-ақ.

Жай стол, еңсіз екі темір койка,
Күркелеп күнелткендей өңкей бейбақ.

Бірінің беті әріде, көлеңкеде.
(Танылмақ о да кейін кең өлкеге).
Жас жігіт бергісі де мөлдіреген,
Бүгін-ақ балайды әлем оны еркеге.

Сірәде білінбейді сыр бетінде
(Бар болып, байқамасақ, сын не түнде?)
Ұқсайды балбыраған балғын өңі
Мадонна перзентінің суретіне.

Жаһанда іс-місі жоқ,

жатыр ұйықтап.

Немене бейқамдық па, батырлық па?
Королев сұқтанады, сүйсінеді.
Демеңдер: атасайшы, аты ұрлық па?

Қиянат етпейікші тағатқа онша,
Сақтайық уақыт сырын таң атқанша.

Білдік пе Гагаринді Гагарин деп,
Ресми ТАСС хабар таратқанша?

Әзірге беймағұлым бір кісі де,
Кірмеген қыздардың да кіл түсіне.
Құлақта қалады оның кейінірек
Шат үні, нұрлы сәби күлкісі де.

Қамқор ұл, жомарт жолдас, жар ақылман,
Дерміз де, ізгілікке жаратылған.
Әйтеуір кепіл оған — Ұлы Отаны,
Жұмсайтын космосқа Ел мен Жер атынан.

Королев айтпайды әлі мұны өзгеге.
Атақ пен бақыт деген ілез бе, не?
Ғарышқа төтенше өкіл адамзаттан!
Бар ма одан артық сенім, мінездеме?

Байқоңыр Байқоңыр да емес әлі.
Ұшқан жоқ Гагариннің кемесі әлі.
Еткен жоқ Исақұл да оны мақтан,
«Қазақта жаман жер жоқ» демес әлі.

Сығалап көз тастап Бас босағадан,
Бет алды «шүү!» дер жерге осы арадан.
Күтулі оның сөзін Уақыт-Тарих,
«Восток» та рауанмен қоса ағарған.

Корабль атылардай «әу» десең-ақ,
Өресін замананың зәуде сынап.
Жігіт те оянады

Ұшатұғын

Космосқа Жер-ананың сәулесін ап.

Таянды «Кеттік!» деуі аңыратып,
Бар болса, тұрар көкте тәңірі атып.
Қараңдар, планета атаулылар,
Келеді Байқоңырдың таңы да атып.

3. КОСМОСТА — ГАГАРИН!

Кеткендей жер қақырап, тау жарылып,
Алапат асты-үстіне аударылып,
Сатырлап зірк етті өңір, бұрқ етті от,
Атқандай түзден вулкан лаулап ұлып.

«Кеттік!» деп сонда шықты ақ жарқын үн,
Ішінен сары ала оттың, нақ жалқынның.
Пілтедей бір лап етіп, қайта сөнген,
Жоқ болды шұғыласында ақ жал күннің.

Апыр-ау, мынау нендей шұнақ еді?
Не нәрсе тітіренткен құба белді?
Деп, запыс кәрі солдат Исақұл қарт
Көйлекшең, мәсішең сыртқа шыға келді.

Әуелі айналаға бір қарады:
Шөп басы баяу ғана ырғалады.
Аңырған балалардың көздері тек
Әр жерден алыс көкке тұр қадалып.

Күн биік. Ызғарлы жел салғырт, тымық.
Аспанды алалаған сәл бұлт тұрып.
Түтін бе, түтеп өткен құйын ба әлде,
Түтіліп бара жатыр сарғылт түбіт.

Ол тұста — жапан дала, жайдақ өңір,
Жазда сұр, жазғытұрым — майда қоңыр.
Исекең «е» деп, мұртын сипап қойды,
Әкелді не болжамға, қайда көңіл?

Даланың үлгіргенше қарап ұлы,
Көз түгіл, ілеспес ой қарауылы,
Ауаның кірді қалың қабатына
Алтын от болып «Восток» кораблі.

Келеді от шұбатылып, шалқып қалмай,
Кеме емес, мартен пешін қалқытқандай.
Адамға көрінеді ішіндегі
Сыртында біреу құрыш балқытқандай.

Жүйрік жоқ оныменен жарысқандай.
Жігіт шат, дейді іштей: табыс қандай!

Сол мезет қарауытып кетті көзі,
Кеудесі жауырышына жабысқандай.

Кеме емес, кемеңі адам барады алып.
(Жүзіне жер де қазір қарады анық).
Екінші ракета сатысы да
Бөлінді «Жол болсын!» деп дараланып.

Дүр сілкіп зілдей басқан түнді ықтан,
Шыққандай су бетіне
Тұңғыықтан,
Денесі мамықтай боп сала берді,
Бір қайнап, дерсің бірде тұрды ұйып қан.

Лаулаған от та қалды өздігінен,
Адам да асыға сол кезде үңілген:
Жер біздің
Айдан нұрлы,
Күндей сұлу
Жарқ етті корабльдің көздігінен.

Келді тек «қандай ғажап!» деуге тілі.
Таба алмас оған теңеу кеуде тірі.
Осылай шықты тұңғыш
Космосқа адам!
Масайра, бәрекелді, беу, де, тірі!

Ал жерде жалғыз жанның азан аты.
(«Адам бір» дегендердің аза ма анты?)
Ғарышта — майор Юрий Гагарин!

Ол —

Советтер Одағының азаматы!

Есім жоқ осы сәтті уытты ондай,
Болса да қай жүректе үміт қандай.
Әйтеуір сағатқа не

минуттерге

Адамзат алалықты ұмытқандай.

Ел-елден келеді ертең хат ағылып.
Қысады қолын небір атаң ұлық.
Кеткендей құдаймен ол кездесуге
Берлікті мешіт, шеркеу бата қылып.

Аяусыз жер бетінің гүлдері де,
Сүюге даяр сұлу күллі ерін де.
Тіріліп шыға келді «тегі бір» деп.
Қайдағы аттас князь сұлдері де.

Мақтанды Жер де,

«Адамға тұрақпын» деп.

Бұлақтар «тек сол үшін бұлақпын» деп.

Секілді адам деген сөз қайда да

Бір-ақ ат, бір-ақ мақтан,

Бір-ақ міндет.

Дегендей «жұтамыз бір ауадан біз,
Жаралдық бір анадан — Хауадан біз».
Дегендей «Қайғы да ортақ, бақыт та ортақ,
Қиянат, қызғаныштан сау адамбыз».

Секілді ақ, қара да, зор да тума,
Алғандай бәрі қызыл

қолға ту да.

Айтқан жоқ арсыздар да кетті деп ол
Космоста коммунизм орнатуға.

Амал не, әлемде әлі бар шылықтар.
Туады қызғаныш та, таршылық та.
Болады іштері де күйетіндер
Жаралған Октябрьден жаршылыққа.

Бүгінше арамзалар тасада әлі.
Кім сірә күнді қолмен баса алады?
«Гагарин — совет — космос» деген сөзден,
Қосса, үйсе, көл де, тау да жасалады.

Аспандап кеткенде ұлы, ұл атағы,
Батырдың, барлаушының ұлы Отаны
Мен-менсіз, дана ананың мақтанымен
Көтеріп төбесіне тұрды таңды.

Қуандық, құттықтадық арсалаңдап,
Бар ауыл, бар селоны, барша алаңды ап.

Қуандық қол мен мидың құдіреті үшін,
Ел үшін жаңа ерлікке жаршы, адамзат.

Әкесі ой тоқтатып енді есімге,
Өзінің аты-жөні келді есіне.
«Юрий Алексеевич Гагарин!» деп,
Отырды білмей сенер-сенбесін де.

Кеудені кернеп толқын барады асып,
Қалғандай ақылынан ана адасып.
Телміріп радиоға дейді: «Юра»,
Қуаныш, қобалжуы араласып.

Еңбек тек баққаны да, тапқаны да,
Олардың мансап, атақ жат қанына.
Күтеді ұлын ғана,
 шаруасы жоқ
Князьдар туыспыз деп жатқанында.

Кішкентай Гжатск қаласы да,
Жұмысшы мектеп жатақханасы да,
Кең байтақ дала, ұлы Москва да
Тілекші сол кемпір-шал баласына.

Жар да отыр қос бөбегі қос тізде.
О да үнсіз радиоға көз сүзеді.
Болса да бұрын даяр бұл минутке,
Білген жоқ аттанарын қошсыз ері.

Кетсе де ол мұннан қанша қат алыстап,
Тізгінді босатпайды қатал штаб.
Отыр ол корабльдің штурвалын
Қолымен космонавтың қатар ұстап.

Осынау минуттерде зерде де, ес те
Жеткендей дер шегіне, дер белеске.
Ерікті Бас конструктор айтуға да
Жүрегім менің қазір жерде емес деп.

Болар-ақ уақыты аунап-қунағандай.
Жүре ме жауырынынан тулақ алмай?
Айналған жер шеңберін анау ноқат
Кеме емес, жүрегі боп зулағандай.

Өзінің кеудесіне, Жер-анаға
Қайтарып жүректі сол бере ала ма?
Абзалы, ұшу жұмсақ, қону қатты —
Заңы көп табиғаттың кереғар да.

Адамның жаз жайлауы, қыс қыстауы —
Жер жұмсар корабльді қос-қос та әлі.
Ал бүгін орбитада Гагарин тек,
Ең тұңғыш еңбеккері космостағы.

Жас жігіт жан күйінен жайраңдаған,
Шыққандай, жұмыс десе, қайдан да алдан.

Есте ме Айға да емес, Күнге де емес,
«Ғажап» деп жерге әуелі қайран қалған!

Жатып ап жаһанның бір қиянында
Жер әлде аспанға нұр құяды ма?
Мұнша оның бояуларын білген емес
Адамның көзі түгіл қиялы да.

Жасылдан жасыл орман жасылы да.
Көктен көк көлдері де, асылында,
Құмдары қызыл
Күннің жалқынынан
Көрінді жер ертегі жас ұлына.

Нұрға да ұқсамайды бұл кендеге.
Бетінде — шолпаннар мен үркерлерде.
Космостан келеді о да жүрек деуге,
Жән екен кішкентай да үлкен деу де.

Еменнің жүрек көзге жапырағы,
Тозғанша бір теңіз қан сапырады.
Жер-жүрек өлмейді де, сөнбейді де,
Жармаса жауыздықтың запыраны.

Жер — өмір,
Не артық өмір зейінінен?
Жер — ана,
Не зор ана мейірінен?

Оның кең-
тарлығы,
әлді-
әлсіздігі
Адамнан,
Адамның өз
Пейілінен.

Жылы жоқ, жарық та жоқ күннен ерек.
Бірақ ол жер болмаса кімге керек?
Қаншама балқыса да,
Ол жансызға —
Сарғайып қатып қалған құр көбелек.

Жерсіз не
Ай орағы, ай табағы?
Жанып тұр жермен ғана, қайта, бағы.
Ат беріп аруына
Айсұлу деп,
Ардақтап
Адам ғана айта алады.

Қоңыздай жұлдыздар не
Жер болмаса,
«Жұлдызым, ақ шолпаным» дер болмаса!
Қылға ілген он тиіндік секілді олар,
Алмайтын жылтылдай да
Жел болмаса.

Жер үшін осы космос жорығы да.
Тамайық тамшы болып қорығына.
Адамдар, бойын аулақ саясын деңдер
Апат та,
Тарығу да,
Торығу да.

Жер үшін қорқыныш та,
мақтану да,
Жер ұлы болғандығын бақ тану да
Биледі Гагариннің жан-жүрегін,
Елестеп кетті өзге шақ тағы да.

Айнала астан-кестен зіркілдейді,
Қалың от, қара түтін іркілмейді.
Жел ұлып, жер адамша ыңыранып,
Бала да езу тартып бір күлмейді.

Ол, Юрий әуестенген әріпке шын...
Фашистер таптады кеп әліппесін.
Кетті айдап апа, ағасын әлдеқайда,
Етпеді басқаның да тәрік несін?

Бүгін де бұрқ етіп өрт тұтанады,
Апаттың әлі де ашық жұт араны.
Азаттық айқасында Вьетнам,
Бұғауда бомбамен кім тұта алады?

**«Жан Отан, пықсақ та алыс өрге нендей,
Не болсын өз бауырыңда көлбегендей.
Өтсе де минуттер тек,— дейді көңіл,—
Сағынам жылдар бойы көрмегендей.**

Космосқа

**Мақтанбаймын мен шықтым деп
Шаттанам**

Сен шығардың,

Сен шықтың деп.

Ерекше еңбек боп па

Талпынғаным

Өмірді сенше жасап,

Сенше ұққым кеп?

Ия, мен тартынбадым жетегіңнен.

Қалғым да келмеген-ді не теңімнен.

Оқушы, токарь, курсант, ұшқыш болып,

Балаша ұстап келдім етегіңнен.

Өзіңсің космонавт бол деген де,

Бола алсам, сенен емей, ол менен бе?

Тұрғанда өзің жебеп, өзің демеп,

Тәйірі бірер сағат жол деген не?

Мен үшін қорықпа деп айта аламын.

Сене гөр, емес бұл сөз тайталаңым.

Үйреттің айлап, жылдап,
Бұл сапарды
Өң түгіл түсімде сан қайталадым.

Немене
Балға ұстап, соға алмаған?
Немене
Орақ ұстап, ора алмаған?
Несі таң
Сенен туып адам болсақ?
Сөкет тек
Сенен туып, бола алмаған.
Несі таң
Сенен түлеп ұшандасақ?
Сөкет тек
Сенен түлеп, құс алмасақ.
Несі таң
Қанатыңмен ұшсақ сенің?
Сөкет тек
Сен ұшырып, ұша алмасақ.

Дей алман тек өзімді алымды ұлан.
Еолармын, бөлкі, рас, салымды жан.
Әйтпесе Герман, Валя, Андриандар
Бетке ұстар,
бірінші дер жалындыдан.

Бұл жолдың

Басы бар да,

жоқ ақтығы.

Космосқа мәңгі

Адамның қол артты ұлы.

Болуым оның тұңғыш жиһанкезі —

Достар мен Королевтің жомарттығы.

Минутте соларды да сағындым мың.

Тек солар арқылы мен салымдымын.

Бас десе — бас деп Сергей Павлович,

Айтпасқа амалым жоқ,

шалым, бүгін.

...Корабль жерді орала тартты-ақ ағып.

Сағат та таң да екі рет атты ағарып.

Түйгенше бірер сөйлем ойын адам,

Барады континенттер артта қалып.

Келеді жолдап космос сәлемін де.

Бар жүрек оты, ауыздың

Сәл ебі де.

Келеді

Жоқ, жоқ деген сенімменен

Ұлы да

Жерден біздің,

Әдемі де.

Жармаспан корабльдің «тұтқасына».
Өнер жоқ жырдан өзге түк басымда.
Ғылым мен техника — бір ғашығым,
Шын айтсам,
Сол екеуі — ұқпасым да.

Әрине, дей алмаймын білместі ерлік.
Білместі білгенсу де — құр есерлік.
Айтқан ғой

Баяғыда бір ағамыз:
«Ошақтан аулақ жүріп күреселік».

Жырымнан ғылым, ия, жырақ төмам,
Еткендей ғарыштан да бұлақты арман.
Жерге бір Гагаринше қарау — мақсат.
Ал ондай көру қайда бірақ маған?

Кеп жетті ол қайтып туған аспанына,
Космостың беташар боп жас таңына.
«Алдияр, сапар сәтті!» дей алады,
Құшағын Ел, Жер-ана ашқанында.

Жүрегі тулағандай алақайлап,
«Мама» деп, Валюша деп, балақайлап.
Жоқ хабар-ошары оның
жатқанында

Күллі әлем
суреттерін талапайға ап.

Ойына сірә тамшы тамған ба ондай,
Болса да ғарыш жолы заңғар қандай.
Таңданды кейін

Жердің мәздігіне

Космоста көркіне оның таң қалғандай.

Ашқандай баққа көзін айдын бұлақ,
Кеткендей бұл дүниеден қайғы жырақ.
Жүз шақты минутте осы

Болған дерсің

Жер беті жылулырақ,

Қайрымдырақ.

Күтеді барша жұрт пен ұлт алдында.
Күлкі өсіп,

Азайғандай бұртаң-мұң да.

Секілді

Жалғыз ғана Гагарин тек

Қалатын бәз қалпында бұл таң мұнда.

Еңбектің ләзаты көп, емші ісі көп.
Сансыз көп, жатса көптің еншісі боп.
Гагарин жалғайды ертең жүректерді,
Достық пен ізгіліктің елшісі боп.

Жолына гүл тасқыны ағылады.

Кеудеге жұлдыздар да тағылады.

**Ақ, сары, қара бөбек аттас та алда,
Күтеді сый-сияпат тағы да әлі.**

**Кұшады туғанындай жат ананы,
Биіктік Гагарин боп аталады.
Жымиып экрандар мен журналдардан,
Тұз-дәмін талай елдің татады әлі.**

**Арасын көк пен жердің аттам қылып,
Алмайды әлі жылдар «аттан» құрық.
Батады бақытқа шын белшесінен
Космосқа достарын да аттандырып.**

**Әзірше алда олардың бәрі бірақ.
(Ажал да тұр шегініп жары құлап).
Ал қазір жерге оралды Прометей
Адамға күннің жаңа жарығын ап.**

4. ИСАҚҰЛ МЕН ҚОРҚЫТ АТА

**Болады адам шақтары
Тік тұрса, түлеп тағы да,
Төбесі көкке жеткендей,
Көсілсе, аяқтары да
Көкжиек асып кеткендей.**

**Болады адам шақтары
Тіл қатып гүл мен желге де,**

**Саялап жаны сан бақты,
Тек космос емес, жерде де
Сезбейтін ешбір салмақты.**

**Болады адам шақтары
Ұмытып ыңқыл-сыңқылды,
Жыл санын, самай ағын да,
Сонау бір дәурен сықылды
Самғасам дейтін тағы да.**

**Болады адам шақтары
Күлуі бар да, жылау жоқ
Күндерді көріп тұрғандай.
Жылуы бар да,
қырау жоқ
Түндерді көріп тұрғандай.**

**Болады адам шақтары
Бекер дер дүние шолағы,
Өкінбей өткен жасқа да.
Болады, ия, болады
Сондай да, мүлде басқа да.**

**Өткізді ақын бұл күні
Ұша алмай әттең пір болып.
Жер-көкке жаны жұлқынды,
Жауғысы келіп жыр болып.**

**Болмады түз не, орман да ық,
Көп күтті көңіл тымығын.
Ойларын толқын ойран ғыш,
Сіміртпей тұрды тұнығын.**

**Өлеңді тыңдар ағайын
Жоқ еді бірақ ол күні.
Тәулікке сөз тек — Гагарин!
Өмірдің өзге олқы үні.**

**Ауызға сол бір үн не.
Қолдарға райхан гүл не.
«Гагарин!» дейді дүние,
«Байқоңыр!» дейді дүние.**

**Эфирге тігіп құлағын
Исақұл жатыр жамбастап.
Келгендей жаңа бұл-дағы
Космосқа өзі жол бастап.**

**Жоқ сынды басқа елде ісі,
Батырға әке, аға ол да.
Әлемнің бәрекелдісі
Тұрғандай тиіп оған да.**

**Қабырға толы фотолар:
Кемпірі, өзі, ұрпағы.**

Бір қарап қойып отырар
Гагарин күліп тұр тағы.

Әлгіде үйдің төріне
Ол көшкен газет бетінен.
Кеткендей шалға көрінді
Қанмен қан, ет боп етімен.

Айтқандай бір сыр кәрі оған
Аларда нені есіне,
Есіктен үнсіз қараған
Көз түсті немересіне.

Бал бөбек бүгін тәй басқан
Өзінше бойын ұстаулы-ақ.
Атаны көріп жайғасқан
Табалдырықтан түсті аунап.

Жыламай, тұрып отырды,
Жығылған екен терлікке.
Көзінде қайсар от тұрды —
Разы тұңғыш ерлікке.

Исақұл, соны байқап қап,
Ұмтыла түсіп тоқтады.
Бөбек жоқ сірә тайсақтар,
Соқса да «жолдың» соқпағы.

Қаз тұрып қайта аттады,
Бір басып барып шөк етті.
Бәрібір соған шаттанды,
Еңбектеу ерге — сөкеттей.

Шегініп, ештеп шығынып,
— Кел, кел! — деп ата шақырды.
Бір тұрып, бірде жығылып,
Балақай жетті ақыры.

Сүрінсе, ызаланғандай,
Тәй басса, мәз боп күледі:
Исақұл кенет таң қалды,
Қызық ой салып түлегі.

Азамат, адам болғанша,
Дүниеден сабақ сыр ұғып,
Өтеді сыннан ол қанша,
Жүргенде құлап, сүрініп?

Жатса да тағдыр таяқтап,
Ер жігіт еңбектемейді.
Күнелтсе тек төрт аяқтап,
Кісі де оны демейді.

Ілінер дейді жөргем де
Жылжыған, жүрген аяққа.

Жол да құл дәйім жүргенге,
Жүргенге жалшы — ай, апта.

Түтеген оқтың астында
Еңбектер кез де болады.
Қайнайды боран, тасқындап
Қайрат пен ыза бораны.

Тік тұрған — тура нысана,
Жатқанның жаны — тасада.
Сонда да бақа құсамай,
Атойға адам басады.

Құласа, тұрған құлайды,
Тік болса, тұлға — келелі.
Әрқайда жеңіс ұдайы
Атоймен ғана келеді.

Атойда — әділ төрелік,
«Атака!» дедік уралап.
Өлгенде, солдат өледі,
Көтеріп басын, бір қарап.

Еңбектеп өткен ғұмырдан
Еңкеймей өткен күн артық.
Сондықтан биік тұғырға
Тұрамыз сірә құмартып.

Айтқан ғой біздің қазакең
«Жығылсаң, нардан жығыл» деп.
Аласа екен, аз екен
Бір кезде асқақ ұғым тек.

Жеткенде

Бұлттар биігі —
«Есік пен өрдей» дер күнге,
Космос деп адам нығы
Шегінен шықты жердің де.

Заманның бұл да нышаны,
Дариға-ай, қалай қиярсың!
Қыран тек алыс ұшады,
Қияға салып ұясын.

Әдет қой теңеу қыранға,
Поезды тұлпар дегендей.
Әйтпесе сонау ұланға
Тең келер қанат, е, нендей!

Қаншама,

қандай милардан
Жаралды екен кемесі?
Белгілі,
соған қиналған
Бастардың осал емесі.

Жолығар жолда жорықта
Мұнды да,
 мұнша шатты да.

Ол түгіл оңай болып па
Үйрету асау атты да?

Аз емес долы,
 безері,
Шиыршық атып шырқырап,
Мойнына кетіп тез ері,
Көнбейтін, талмай, ырқыңа-ақ.

Алдына алды бөбекті,
Исекең ойын бір түйіп.
Конфетті ашып бала епті,
Бір басты ұрты бұлтиып.

Байқауға сосын талшынды
Атаның шоқша сақалын.
Атасы ойлы қалпында:
— Қарашы,— дейді — шақарын!

Жігітке анау
 шіркіннің
Кестірет ме еді тұсауын!
Бәрібір ұшқыр бұл күндер,
Онсыз да мүмкін ұқсауы.

Сеземін :
Дегдәр,
Тіскек,
Кескекті қазақ сойы бар,—
Деп ата,
Ұлды иіскеп,
Толғанды тағы ойы дал.

— Апыр-ау, күні кеше еді,—
Дейді бір қарап сәбиге,—
Жайлаған жоқтық кеселі,
Ат-арба арман әр үйге...

Исеке, сап, сап,
Сәл сабыр!
Танылды аузың, дөй десің.
Алшақ жоқ сырда сонша бір,
Сен болып ақын сөйлесін.

Рас-ау, рас, кеше еді
Революцияға сыйынып,
Маңдайдың сорын бес елі
Тастаған күндер сығырып.

Маңдайдың соры дегенің
Сығырып сығар тер емес,
Ұшындай темір шегенің
Әріде тұрды, бері емес.

Суырдық соны, сиырдық
Етімен, арам қанымен.
Сиырдық, күшке сиындық
Октябрьдің отты таңымен.

Азаттық болып Октябрь
Томағасын алды қыранның.
Қазақтық болып Октябрь
Тұсауын кесті жыр-әннің.

Сен үшін тақтар гүрлейді,
Патшасы өзің бол, деді.
Сен үшін бақтар гүлдейді,
Бақшашы өзің бол, деді.

Сулар да, — деді, — сен үшін,
Мұрабы өзің бол, — деді.
Нулар да, — деді, — сен үшін,
Мұратқа жетсін, қол, — деді.

Таңдайсың нені?
Таңда, ұлым,
Шарықта, шаттан, сүй, — деді.
Дүниенің кілтпандарын
Басыңа, бірақ, түй, — деді.

Қолыңа сенің сол үшін
Қарындаш берді дәптермен.

Азаптай көріп соны шын,
Маңдайда тұрды қақ терден.

Бір қолды екі ете алмай
Жатсақ та, оқы, жаз,— деді.
Түркісіб тұрды өте алмай,
Кетпенмен тауды қазды елің.

Жел сорған ернің көнектей,
Өңкиіп епсіз, сөңкиіп,
Отырдың
 мына бөбектей
«А — та» деп созып, сен күйіп.

«Жазғаннан гөрі бір әріп,
Бір шпал төсеу көп оңай»,
Деп жүрген кезде жыланьп,
Өтіп-ақ кетті ол он ай.

Азар да безер сол он ай
Даланы қанша өзгертті!
Тартылды бейне жол оңай,
Көкжиек асып көз кетті.

Қимылы пысып, жан пысып,
Жуастар шықты кердеңдеп,
Кеудеге аздап нан пісіп,
«Дәуірге қожа ел — мен» деп.

Арбаға арты тимеген
Асылды «қара тұлпарға»,
Аллаға басын имеген
Бас иді қызыл сұңқарға.

Осылай

Нұрлы бұрлыста
Хат танып жатты миллиондар.
Осылай

ұлы құрлысқа
Аттанып жатты миллиондар.

Осылай келді даналық,
Елдің де ерлік шақтары.
Осылай тұрды қаланып
Байқоңыр баспалдақтары.

Сол үшін сен де майданда
Ажалға қарсы тік тұрып,
Атойға шықтың қай-қайда,
Ықтырып жауды, бұқтырып.

Сол үшін құрбан болды да
Ұлт-ұлттың Исақұлдары.
Келеді салып жолды да
Исақұлдардың ұлдары.

«Апыр-ау, дейміз, кеше еді...»
Бала деп өткен уақытты.
Маңдайда ырыс неше елі?
Санаған біз жоқ бақытты.

Ол бақыт бейне міндеттей,
Жан-тәні бірге жар бүгін.
Бақыттың жылы — минуттей.
Жылдардай ғана — зарлы күн.

Болды ма мұрша санауға?
Бақытты және санай ма?
Санадық кірпіш, шпалды.
Қараған жоқпыз самайға.

Нану да қиын, Исеке,
Шөгеді десе құздарды.
Тану да қиын, Исеке,
Біз ғашық болған қыздарды.

Барлары — әже — жұмақта,
Жоқтары, даусыз, тамұқта.
(Кетпесе одан жыраққа
Алармыз кейін тауып та).

Апыр-ау, ия, кеше еді...
Кешенің біз бе кесегі?

Керуен жылдар көшеді,
Ұрпақтар өніп-өседі.

Отырмыз бүгін
Соларға,
«Гагарин!» деп,
Ду-ду қол соғыш.
Нық бассын солар,
Сол алда,
Мұрагерлер мықты болса, құп.

Ракеталар кемеңі
Шығарып салып ғарышқа,
Өртеніп көкте өледі,
Сұлдер боп соңғы қарыста.

Жаны ше?
Жаны жасайды
Тездік боп атқан кемеңі.
Қарт болмай, мен ше, жасы әйгі,
Ракета болғым келеді.

Жасайық болып
шапшаңдық,
Биіктік, әрі қашықтық.
Жүректен және тапса, құп,
Сұлулық, сиқыр ғашықтық.

Отыны болып, Отанға
Біз бердік
 Космос тездігін.
Етпейді мақтан әр таңда
От болып жанған кезді кім!

Дүбірлі дала, бақ дала
Сүйсініп солай, таңдана,
Разы озған шаққа да,
Қуандық келер таңға да...

Исақұл, сені тәулікке
Әңгіме-дүкен қыздырды.
Ойлар да қаптап, әулікті,
Орады жаз бен күз қырды.

Оралды қыс пен көктем де,
Жаңа отау, ескі шаңырақ.
Үй іші, көрші — көп пенде —
Көңілдер жатты жамырап.

Аяғың жетер қырқадан,
Көне көз жетер жазықтан,
Шамаңнан биік шырқамай,
Айналдың бірер қазықты.

Байқоңыр сондай бір қазық,
Сүйемі қазақ жерінің.

Бір адым шықсаң, құлазып,
Сағындың исін, желі үнін.

Тарландай тарпып тепсеңін,
Таба алмай тілге түгін де,
Қанша уақыт, қайда кетсең де,
Оралдың соған түбінде.

Радио осы даланы
Деп жатыр космос вокзалы.
Деп жатыр старт алаңы,
Бәрі де дұрыс абзалы.

Хабарға хабар жалғасып,
Саңқылдап тұрды салтанат.
Қиял да қилы жолға асық,
Серігі — тарих, шартарап.

Кереғар
 шаттық күйіне
Түсті еске
 таңба білеудей.
Есікті қақпай, үйіңе
Рұқсатсыз кірген біреудей.

Береке-ойдың үстіне
«Ой бауырым» салып келгендей,

Береке-ойдың үстіне
«Ойбайын» алып келгендей.

«Мен, балам, Қорқыт атаңмын,—
Деді сол мұңды қобыз-үн.—
Қаусатты мені қатаң күн,
Иледі дүние-қоңызың.

Қоңыз да демей не дейін,
Жорғалауменен күн өтсе?
Жол жоқ
 не алға,
 не кейін,
Жаурынын жазбай күнелтсе?

Марқабат үшін туғандар
Дәрменсіз жоққа байланса,
Махаббат үшін туғандар
Моланы ғана айналса?

Қарылса қыран қанаты,
Үкісі күйсе тотының,
Тұншықса ақын, дана аты
Басында ошақ отының?

Бөбектің сақ-сақ күлкісі
Ішінде қатса, шемендей,

Күйзеліп өтсе кіл кісі,
Жүрегін жұлып жегендей?

Бір — екі жүзді жасадым,
Жаңылтты жылдар саны да.

Күні не

Қурай асаның
Жармасқан аққан салыға?

Осынша ғұмыр бергенде
Білмеймін, пәни не күтті?
Деді ме қалсын бір пенде
Диуанадай әлі үмітті?

Мен өттім осы арадан,
Бұл түгіл барша даладан,
Көкектен басқа құс көрмей,
Көнектен басқа түс көрмей,
Көкпектен басқа шөп көрмей,
Әуеден басқа көк көрмей,
Жазында тамшы шық көрмей,
Қысында құрттай ық көрмей.
Соқыр ма ем сонша, жасаған,
Өткендей өксіп түк көрмей?

Жоқ, жоқ, мен

Бұғып жатқам жоқ,

Жүреkte жөнсіз

шер ұйып.

Желмая мініп ақ таң боп,
Іздедім бақыт — жерұйық.

Көлдерді көрдім қайда да
Көзімдей менің

суалған.

Шөл жерді көрдім айнала
Жүзімдей менің

қуарған.

Қайнарлар қайнап тыныпты,
Қанымдай менің сарқылдап.
Сай-сайлар тасып құрыпты,
Жанымдай менің жалқындап.

Еңкейген асқар таулар да
Еңсемдей, көңіл бұлтындай.
Солыпты жасыл баулар да
Сарғайып

сақал-мұртымдай.

Жерұйық деген жоқ екен,
Алдаған арман, айла да.
Өмір аш, өлім тоқ екен,
Сол жүрді мез боп қайда да.

Атымды сіре сақтаған
Ұрпаққа сабақ болсын деп.
Қанатты сіздің шақта адам
Айтса жән, баба, борсың деп...»

Соны айтып елес жоқ болды,
Жер сызып селдір сақалы.
Қорқыт деу — жықпыл-жықпылды
Қазақтың аңыз-мақалы.

Не дерсің оған, Исақұл,
Айтысып әлде жауаптап?
Дана да сіре мүсәпір,
Жатса одан бақыт ауа аттап.

Мың жылдай бұрын атамыз
Ойланған болса осылай,
Оған да рахмет айтамыз,
О да бір тарих қосындай.

Сен үшін оның тұлғасы —
Безбеннің бейне бір басы.
Екінші басы — өзіңсің,
Құдіретті ғасыр құрдасы.

Жоқ, араң, қартым,
Тым алшақ.

Өлшену қатар — қиянат.
Ұл-қызға айтып тұр әр шақ,
Қалсын деп есте ұялап.

Ал кәзір, қане, сейілдеп,
Шығалық туған далаға.
Шалқиды шалқар пейілдей
Көктемнің көркем дәні, аға.

Елеме ауа дымқылын,
Жазықта жоқ қой жер лас.
Қызғалдақ ернін жымқырып,
Сүюге ерте дер, рас.

Сүйісу бізге кеш, мүмкін,
Жатсақ та болды ніскеп...
Томпитып қой мен ешкі ұртын
Бөгеді көкке, күйіс кеп.

Қарайық күнге,
Көзге ұстап
Бұлттардың ала шарбысын.
Кетерсің, бәлки, сөз бастап
Салалап мұрттың шалғысын.

Әйтпесе кеттік, жүр оңға,
Бір бассaq болды — Байқоңыр.

Байқоңыр — ерлік, бай көңіл,
Бәйгеден келді ел бүгін.

Осындай жерді
Көзіңмен
Не жетсін, шіркін, көргенге!
Осындай жерде
Өзің де
Не жетсін
өсіп-өнгенге!

5. БҰЛ ЖОЛДЫҢ БАСЫ БАР ДА, ЖОҚ АҚЫРЫ

Байқоңыр.

Қоңырайған күзгі дала.
«Шүу» десең, жөнелгендей ызғып ала.
Бейпіл жел бес аттап, бір сүрінеді,
Қолынан болғандай-ақ тізгіні ада.

Тіршілік — ол тұста да, бұл тұста да,
Өзгеріп сала берген үрдіс дала.
Үстінде асфальт, темір жол кестесі,
Ұқсайды жері көрік, жұрты ұстаға.

Алаңсыз,
Ашық старт алаңдары
Адамды қуантады,
Ал аңдарды...

Жоғары вольтті электр желілері,
Сұр жебе, құрыш мосы бағандары.

Жайлаған бұ қырларды,
О қырларды
Үй-жайдың үлкен-кіші шоғырлары.
Шөжедей басы үрпиген балғын бақтар
Шоқ-шоқ боп мұнартады со ғұрлы әрі.

Қолына ракета-ұршықты ала,
Космосқа бір-ақ шыққан ыршып дала.
Жерде де жалпақ басып, жаңарулы,
Өспеген сонау екі үйшік қана.

Баяғы стол, темір кереуеттер,
Жиюлы тастұйнақтай. Келер деп пе ер?
Жиһазға жарлы студент бөлмесінен,
Тұрды деп айту қиын кереметтер.

Тек солар сол таңдағы тұр қалпында,
Жылжыған жердей біздің бір қарқында.
Гагарин, Королевсіз қанша өтсе жыл,
Ардақты сонша мәрте бұл халқына.

Алдында
Адам үнсіз тоқталады,
Иіліп шақырса да ақ тал әрі.

**«Орны бар, өздері жоқ» деген мұндай
Анау бір мемориал тақталары.**

**Жоқ, ия, Гагарин де, Королев те,
Не зауал ажал атты қара бетке?
Керуен жолдарындай — жолы олардың,
Космосқа кемелерді барады ертіп.**

**Барады, кеңейеді,
 биіктейді,
Биіктей түседі де сүйікті елі.
Дүниеде қос үйшікке құн жетпейді,
Берсе де бар алтынды үйіп тегі.**

**Елдік пен ерлік дәйім бағалы аса,
Олардан бақыт төмен, тақ аласа.
Осы үйге бір бас сұғып кетеді ерлер,
Осыннан ұшты совет Шағаласы¹**

**Көрсетіп кімді күндей, күнді кімдей,
Сонау таң көз алдында кіл бүгіндей.
Байқоңыр болса космос Меккесіндей,
«Гагарин үйі» соның кіндігіндей.**

**Ешкімге
Еш уақытта табынбаған.**

¹ Космонавт Валентина Николаева-Терешкова.

Атақты
Ер генерал, дабылды адам,
Ұлы елдің президенті бола тұрып
Көргендей әулие алдын,
Табынды оған.

Үйшікте
Сарай пірі тұрды осылай,
Иіліп
Мұнарадай тұлғасы ұдай.
Керілсе, кетер еді шығыш басы
Төбені тесіп пештің тұрбасындай.

Тамсанды
Түкірігін жұтып ұлық:
Талассыз
Сірә үйшік пен жұп ұлылық.
Ұлы боп танылды оған
Тек осында
Кәдімгі жұмыс орны —
жұпынылық.

Айғайсыз ақиқаттай
Ұлылықты
Ол бізден бүгін емес,
Бұрын да ұқты.

Солдатша сүйінген де, сиынған да,
Бергенше саясатқа мұрындықты.

«Болды ма қаруласта осылардай,
Сатпайтын, сатылмайтын асыл ардай»
Деген ой ожданым сәл өкінткендей,
Бұлтақсыз турасына бас ұрардай.

Болса ғой ұлықтар да әмәнда ұлы...
Етеді адамдық тек
Адамды ірі.
Ал бүгін үйшікте өзге генерал тұр,
Астронавт,
Бұл «Аполлон» командирі.

Бұны да құдай бойға қыта алмаған,
Тұлғасын жайлағандай құт андаған.
Осы алғаш
Айды айналып келген адам.
Космосқа
Жоқ көп ұшқан
Бұл таңда одан.

Биікте тапты орыстан ол достарды,
Солармен бірге соны жол бастады.
«Үйшігі Гагариннің» — Мекке оған да,
Жанында жүр сапарлас жолдастары.

Біледі ғарыштың ол қиырлығын,
Бірінші болудың да қиындығын.
Қиналып тапты

**Тұңғыш перзентіндей
«Аполлон — Союз» атты ұйымды күн.**

**Космоста қол алысты қос корабль.
Санасаң, бес кісілік қос қана бұл.
Қос емес, парасаттың зор одағы ол,
Сабақтай досқа да бір, қасқа да бір.**

**Тағы ашты галактика бір түндігін,
Танытты Жер әзірге бүтіндігін.
Жер ұлы, адам ұлы келеді деп,
Шолпан мен сонда, бәлки, күтінді күн.**

**Жер ұлы! Осы есте ұстар ат та.
Тасталсын тағы да одақ старт артта.
Жер ұлы — космонавт Леонов,
Жер ұлы — астронавт Стаффорд та.**

**Самғасын серіктес боп таңға кілең,
Өз сенім, өз құмар, өз талғамымен.
Біреуі алсын мейлі жолақ жалау,
Ал бірі ұшсын Орақ-балға үнімен.**

**Біреуге әуес қызыл
Дала гүлі,
Біреуге — бақтың, мүмкін, ала гүлі.
Сөйле не ағылшынша, не орысша,
Космоста қай-қай тіл де — адам үні.**

Әркімнің араны мен арында астар.
Әйтпесе адам ұлы — қарындастар.
Кепілі — Леонов, Стаффордтар,
Ұялас ұшқан бірге қарлығаштар.

Тұр енді Гагариннің тұрағында,
Жаңарып шығады адам сірә мұнда.
Леонов ағылшынша тіл қатады
Орысша Стаффордтың сұрағына.

Қалса есте, қонақтардың зор ұққаны,
Алардай талай бірге жорыққа әлі.
Ал менің көз алдыма келе қалды
Эльбада одақтастар жолыққаны.

Тіл емес, ыммен, көзбен, жан дәтімен
Ұғысқам, американ солдатымен.
«Жеңіс!» деп қол қысыстық қаруластар,
Ант етіп адамзаттың сонда атымен.

Қуанып сол минутке,
Өліп-өштік.
«Достық!» деп,
Жүз граммды бөліп іштік.
Төске төс түйістіріп, құшақтастық,
Тұрған жоқ арамызда өріп штық.

«Жеңісті,— деді ол,— совет ері әкелді».
«Саған да,— дедім,— солдат, бәрекелді».
Қайдасың, о сондағы қаруласым,
Достықтың біз емес пе ек дәнекері?

Жолдастық қанымызда, «дінімізде».
Жоқ оған опасыздық тірі бізде.
Деген сөз «салқын соғыс» сендер жақтан,
Болмаған ондай бұрын тілімізде.

Білсек біз, білдің оның оттыларын,
Айнала өлім сеуіп, өрт қыларын.
Семсерін жерімізге салды жаулар,
Семсерден
Сезбегендей морт құларын.

Жоқ бізде қарыздар боп қалу досқа,
Жоқ бізде қол жұмсау да қаруласқа.
Қару ап қашан бардық біз еліңе?
Әрине, өз жеріңді қору басқа.

Қорғандық антанта атты шапқыннан да,
Тартқанда Ұлы Октябрь ақ күнді алға.
Жараның аузын тырнау емес бұл сөз,
Сақ бол деп, тілеуім ғой бақ мыңдарға.

Демеңдер жүректе тек із қалмайды, із...
Деген де жән-ау кейде: біз қандаймыз?

Дырау ел Америка,
Дарынды да ел.
Біз одан ұлылықты қызғанбаймыз.

Күпсінсең, сия күпсін өз теріңе,
Қожа бол, қожа болсаң, өз төріңе
Өзгеге ақыл айтып әкесінбе,
Әке бол, әке болсаң, өз төліңе.

Көсілсін көрпеге сай
Арыс-алып,
Аяғын көршісінен әрі салып.
Бәйгеде кім озарын шабыс шешсін,
Қанеки, хас жүйрікше жарысалық!

Біз — тұңғыш
Октябрь боп атқан таңбыз.
Көсем боп
Космосқа да аттанған — біз.
Ал сендер Айға бұрын қондыңыздар.
Біз бұған өздеріңдей шаттанғанбыз.

Өздерің — бірінші де, соңғысы да
Адамды жыққан
Атом бомбасына.
Атомнан кеме, жарық жасадық біз
Бас болып жердің, рас, болмасында.

Құмармыз құныққандай
Біз білікке.
Қарсымыз, қайрымсызбыз
Біз бүлікке,
Қызметтес бол былай да, Америка,
Жер үшін, адам үшін игілікке.

Қалсыншы «Салқын соғыс» — қыс қатты артта.
Кім қолын,
Күймеймін деп,
Ұстапты отқа?
«Қош келдің!» дейміз достық елшісіне,
«Көп жаса!» дейміз талай Стаффордқа.

Таныса, сәлемсіз кім бұрылды одан?
Ақындар арнауға бар жырын да оған.
Осылай.

Тірі болсаң, қаруласым,
Кездескен
Дәл отыз жыл бұрын бұдан.

Салып көр парасатқа, түйсігіңе:
Келеді бықсық өрттің исі күнде.
Соны ойлап жерлестерің тұрды, бәлки,
Юрий Гагариннің үйшігінде.

Ата мен ана қанша «ұлым» деген.
Өтерсің жердің шоқ-шоқ гүлін немен?

Бүкіл ел Гагаринше құшақ жайып,
Бүкіл ел Гагаринше күлімдеген.

Саясын ұсынады бақ атаулы,
Қазақтың көктей күмбез ақ отауы.
Құлақта — сылқылдаған сұлу әуен,
Қара көз арулардың «аға» атауы.

Қаншама жылу көрді жат мың көзден,
Қаншама кезікті кіл шат күн күзден?
Осы жер тұңғыш рет шапан жауып,
Осы жер тұңғыш рет ат мінгізген.

Қой сойып бас тартатын
Оңды ұлы асы.
Көңілге қымызы да қонды, расы.
Қалды есте қария да — Исақұл ма?—
Қонаққа тарту болып домбырасы.

— Домбыра—жыр жолдасы, жан дауысы.
Жалғасып күй сазына таң да ауысты.
Домбыра — жүректердің жеңгетайы,
Қазы боп шешкен о да сан дау істі.

Солайша сөйлеп кетті шал ағыла:
— Ол куә,— деді,— уақытқа ала-құла.
Шаншылған ракета дерсің сабын,
Жердің дәл күн бетіндей шанағы да.

Құрыш жол шпалындай пернелері,
Сатыдай көтерді о да жерден елді.
Күй-аққу сол арқылы қанат қағып,
Көгінде көңілдердің тербеледі.

Қос ішегін қос ұшы бар делбе дерсің,
Қос аяқ жолындай не бел-белестің.
Солардай қатар жүріп отырайық,
Жақсылық биікке, алға делбелесін.

Домбыра — соның, балам, белгісіне,
Қазақтың қадірлі арғы-бергiсіне.
Домбыра есекке, езге сыйланбайды,
Сыйлаймыз сұңқарға оны, ер кісіге.

Шал сөзі, рас, Уақыт-аға үніндей,
Саңқылдап құзға қанат қағар үндей.
Стаффорд кәзір де оны естігендей,
Сезініп бір сәтке өзін Гагариндей.

Генерал, жетеді сәл толғанғаның.
Жүректің жылытады ой тоңған қаның.
Жоқ, бізге қарызбын деп кете көрме,
Дәм-тұзға, ақ ниетке таңданбағын.

Дос келсе, меймандостық — дәстүріміз.
Тұтамыз тәңіріден досты ірі біз.

Адамға әрқайда да сенер жұртшыз,
Көргенше қастығын біз, пәстiгiн біз.

Зор халық сыйын борыш етпейдi де,
Дос боп кет,

Болмай тiптi кет мейлi не.
Біз саған «дiнiмiзге» көш демеймiз,
Қолы оған кез келгеннiң жетпейдi де.

Сәлем де, ел-жұртыңа, генералым.
Жақсыға бөгетi жоқ шекараның.
Қош алдық сенi, сенiң достарыңды
Бұлар да ер,
Ұлдары деп жер-ананың.

Сәлем де, есiнде Эльба қалғандарға,
Қанға да, қайғыға да қанғандарға.
Оларға ерлiктей боп көрiнбей ме
Адал боп жүру де осы жалғанда арға?

Сонымен
Қош бол, космос генералы!
Шын солдат еңбекпен де шен алады.
Жер үшiн жолдастыққа бiз даярмыз,
Адамзат бiзге шексiз сене алады.

Сол күзде, толысқанда қоңы ақ талдың,
Соңын ап мәртебелi қонақтардың,

Баба жер Байқоңырды көріп жүріп,
Жазуға жаңа дастан
Қанаттандым.

Жатты онда жайбарақат дала сұлық,
Еріксіз ыққа айдайды қара суық.
— Жиырма жыл бұдан бұрын, — дейді
Елена —
Жүрді тек жел мен қаңбақ алас ұрып.

Жиырма жыл!

Көп дейін бе, аз дейін бе?
Аз деуге, қалды қанша жаз кейінде?
Көп деуге, көз алдында әр сағаты,
Айта алмас маған да өкпе-наз кемінде.

Аптапта көлеңке еттік қаңбақтарды,
Мазаны шөл де алды, шаңдақ та алды.
Мұнда да тыңдағыдай шатыр ық боп,
Ақ қырау, қара суық таңды атқарды.

Желмен ел, елмен сөйтіп жел ұғысты.
Әрине, ақыл-ойдың селі күшті.
Екі-ақ жыл өтті ме не өтпеді ме,
Осыннан жердің тұңғыш серігі ұшты.

Елена Фанина күрт күрсінеді,
Көзінде мөлдір шықтың бір сілемі.

Сонан соң санайды әрі «сонан соң» деп,
Бәз бәрін өз атындай білсе де елі!

Есіне талайларды тағы алады,
Кейбірін жоқтап, мұңын шағады әлі.
Сөйлейді өз қолынан сыландырып
Космосқа ұзатқанын Шағаланы.

Елена — қарапайым ана ғана,
Келіпті жұмысшы боп далаға о да.
Бүгінде — қос үйшіктің күтушісі,
Қимастай

Бұл қызметін данаға да.

Дастанның одан да алдым бір бетін мен,
Сыр ұғып бірде жүрек, бірде тілден.
Ұлындай үйшіктерді мәпелейді ол
Тек жұмыс емес, ана міндетімен.

Бүгінде бұл жер оған — дуан қалың,
Жайлаған су аңғарын, ну аңғарын.
Сол күні космонавт Волыновқа
Мен көрдім анаша оның қуанғанын.

Волынов — «Союз-5» тің бас қыраны
(Есімін ертең де ерлік пәш қылады).
Келешек космонавтар тобымен бір
Мерейлі Меккеге кеп бас құрады.

Атайды Гагариннің әмән атын,
Айтады Королевтің аманатын.
«Білмеген дандайсуды олар — дейді —
Соқпақты космос жолы — замана-тың».

Жалғасса ұлылық та, ұрпақтар да,
Жасайды әкелер де бір қапталда.
Мен енді Байқоңырмен қоштасамын,
Жүрсем деп жыршысы боп шырқап таңда.

«Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақтығы,
Космосқа мәңгі

Адамның қол артты ұлы»

Дегенді ұран етем ұл-қызыма,
Алдында олардың да — жомарт тыңы.

Тынбаса, үлдесе — тірі жел де.
Ұдайы ұрығымен ұлы зерде.
Көтерді қос тыңды ерлер, көтерілді
Шарықтап бірі аспанда, бірі жерде.

Осылай адам ұлы, білікті есім
Бір саты болса да тек, биіктесін.
Бір адым аттаса да, алға аттасын,
Сын болса, болсын асқар биіктер сын.

Сүйсе де нені, әйтеуір, сүйіп өтсін,
Күйсе, тек махаббатқа күйіп өтсін.

Өзінен мықты бар деп сезінбесін,
Бас исе, сұлулыққа иіп өтсін.

Жүректер торығып та, түршігіп те
Тозбасын, құл болмасын құр шірікке.
Шыр етіп дүниеге келген адам
Кетпесін қарғыс айтып тіршілікке.

Құриды теңіз, теріс ықса ағысы,
Шегінер жол жоқ кейін, ұқса кісі.
Маймылды арғы атамыз дегендер де
Келмейді сол бабаға ұқсағысы.

Келеді күшті, ақылды болғылары.
Болатты бола алмаған
Бор қылады.

Келеді сымбатты, ірі көрінгісі,
Өмірде өз еккенін орғылары.

Келеді тойлағысы, ойнағысы,
Бой жетпес тереңге де бойлағысы.
Келеді өзге үшін де жасағысы,
Армандап, ақталғанша ойдағы ісі.

Маймылдан енді адам жаралмайды,
Хауаны қайтып жұмақ және алмайды,
Жер апат болса, өшеді маймылдар да,
Жерде ғой тіршіліктің «жанар майы».

Кетеміз ендеше одан алыс қайда,
Жоқ болса адамға ауа
Марста, Айда?
Батыстың келім-кетті үкіметтері,
Сендерге қанша ескерту, дәріс пайда?

Құрысын соғыс аты, аталмасын!
Жер бетін жеміс алсын, от алмасын.
Сол үшін шарттасуға бар қол қойып
Патшадай
Менің әрбір отандасым.

Жұмсайық соған күш пен бас икемін.
Космос — ол майданы емес бәсекенің.
Ұғайық
Атақаның шебі де емес,
Тағы бір ұлы еңбектің басы екенін.

Жүз түгіл
Мың жасаудың,
Жасарудың,
Көктен нұр,
Жерден дәнді
Баса алудың
Бір сыры сонда, мүмкін, тұрған шығар.
Немесе
Балтыр сыздап, бас аурудың.

Сол үшін, тек сондайды барлау үшін
Байқоңыр

Баспалдағын арнады шын.

Сол үшін, тек сол үшін құрбандық та,
Ту қылып өткен жердің ар-намысын.

Сол үшін, тек сол үшін, Исақұл қарт,
Сен мәзсің әр сапарға күйше аңқылдап.
Іргеңде жатыр ұлы космодром,
Еңбектің тұр айнала исі аңқып-ақ.

Жатыр ол планета қанатындай,
Қанатты ел атындай, дала атындай.
Қойнынан оянғандай шолпан таңда,
Қонғандай кеудесіне қара түнде ай.

«Қайырлы, дейсің, қандай ата мекен!
Қадірін білмесең тек, қатал екен.
Қазақта құтсыз, құнсыз жер жоқ екен,
Бәтшағар бетпақ та гүл атады екен».

«Хал қалай?» дегенге әзір бас бармағың.
Лайым, арылмасын бастан бағың.
«Космостан жерді көру — арман, — дейсің —
Қанат қып Байқоңырдың баспалдағын».

Берейік мұны ұрпаққа, өрен ұлға-ақ,
Әйтеуір бір қазақтың көрері хақ.

**Бұл жолдың басы бар да, жоқ ақтығы,
Сондай-ақ ақынның да өлеңі нақ.**

Қош, сау бол

Ал әзірге, Исақұл қарт!

Түріңнен тұрсын түздің ісі аңқып-ақ.

Күлкіңнен күні өлкеңнің көрінсін де,

Даусыңнан дабылдасын күй саңқылдап.



ӨЛЕНДЕР





БӘРЕКЕЛДІ

Қай уақытта ер менен ел шектелген?
Ел — махаббат, ел — қанат, ел — шепте өлең,
Бақытымды, мұңымды, бой-тұлғамды
Тағдырымен тек соның өлшеп келем.

Әскер емес әскер де тусыз қалған,
Көл де жетім үйрек, қаз, құсыз қалған.
Туған жердің айрылсам ауасынан,
Тұншығар ем балықтай сусыз қалған.

Отты болсын далаша шын жас адам,
Шырқаулықты үйренсін шың да содан.

Бір жасасам оның әр құт күні үшін,
Лұқпаннан үлкенмін мың жасаған.

Шың да атанды ол, ия, тың да атанды,
Жер-дүниеге дауысын тыңдатады.
Қысы шыңдап, көктемі көгерткен жыр
Тағы, тағы тебіреніп тіл қатады:

Ой-хой Дала, о Дала, күзің қандай!
Қызыл қырман көтерген құзың қандай!
Жел аймалап, күн сүйген жүзің қандай!
Күлім қаққан ұлың мен қызың қандай!

Бүлкілдейді бұлақтар құт бабында,
Табиғатқа тіршілік — ұрттамы да.
Таңғы шықтың тұр мөлдір ақ моншағы
Масақтардың мөлтілдеп мұрттарында.

Күз көркіне көрген көз таңқалады.
Дарқан дүбір қайда да қамба маңы.
Ойсылқара, Зеңгі қарт, Шопан ата
Хан көтеріп жатқандай Нан бабаны.

Шексіз-шетсіз сабан түз шұғылалы.
Қаңбақ қана таппаған ығын әлі.
Жаңбыр оның жауратқан қанаттарын,
Бораздаға жел де кеп тығылады.

Түз бен күздің толғағы туыс анық:
Бір-біріне салады ұлы салық.
Мәртебелі Жер-ана маужырайды,
Алып тапқан арудай тыныс алып.

Алып тапты астық боп ақтарыла,
Ақтарылды ақ күріш, ақ тары да.
Біз едік қой, о Дала, жалпақ түзде
Қамба түгіл толмаған қаптары да.

Жүйрікке де жүк түсер шабан үшін,
Жақсыға да тіл тиер жаман үшін.
Кешіре гөр, жан Дала, жомарт Дала,
«Қу дала» деп қорлаған заман үшін.

Жатыр енді қағанақ қарық болып,
Жатыр енді сағанақ сарық болып.
Жер бетінде жайқалған маржаныңды
Жиысады ел болып, халық болып.

Күз — керуен жолының жауыр шағы,
Көп жаңбырдан езілген ауыр шағы.
Таба нандай әлі ыстық күні түздің,
Күндей нұрлы және де бауырсағы.

Диқан дала, еңсең зор, мұратың бай.
Жөнің де көп той-думан құратындай.

**«Қазақстан миллиарды!» деген сөздер
Естіледі ерліктің бір атындай.**

**Сені айтамын сондықтан Дала —
бай деп,
Диқанды айтам дырау деп,
Дана-бай деп.
Сүйсінемін: советтік адам-ай!—
деп,
Тамсанамын: тамаша заман-ай!—
деп.**

**Бәрекелді!— дей берем —
Бәрекелді!
Жырға да күз дәм берді,
сән әкелді.
Дастан қайда, достар-ау,
дастан қайда,
Аспандатсын алдияр Далекенді!**

**Бір жасатты тағы да ана Далам.
Анасынан марқабат табады адам.
Әр жақсылық, әр бақыт бір жас қосса,
Бабаларға,
мен, даусыз,
баба болам.**

СЕН ДЕГЕНДЕ, ЛЕНИНГРАД

Ленинград!

Саған арнап жақсы өлең жаза алғам жоқ.

Жазу бірақ жүрген жоқ аз арман боп.

Ленинград!

Сөз біткенді қомсынам сен дегенде,

Махаббатты жеткізе жазар жан жоқ.

Мен — қазақпын.

Жоқ көз көре мақтаудың дерті бізде.

Бізге сөйтсе, жанады от бетімізде.

Мен — қазақпын.

Біз дос үшін даурықпай өле аламыз.

Сену де оған — сіңген салт етімізге.

Темір құрсау

Қыспағында тарығып,

тоңғанда өзің,

Жас кеуледі Жамбылдың солған көзін.

Ленинград!

Жатыр қазақ Пискарев зиратында,

Қаһарманы, құрбаны сол қан кездің.

Кім айта алар —

Ұлы Ленин алдында данамын деп?

Россиядан үлкенмін, панамын деп?

**Кім айта алар —
Октябрьден нұрлымын, жаңамын деп?
Есіміңді соларға баладым тек.**

**Сол үшеуі —
Көтеріскен даламды ұлы діңгек.
Айта аласың солардың үнімін деп.
Ленинград!
Сен дегенде, гимнді тыңдағандай,
Бөркімді алып, орнымнан тұру міндет.**

ЖАЗҒЫТҰРҒЫ ДАЛА

Нұрлы дала,
Түрлі дала
Көлдердей шымырлап,
Желменен ойнайды, ойлайды.
Айнала көкжиек.
Ну байлығы
Бидайығы
Жырлайды сыбырлап,
Биікке, биікке бойлайды,
Қайда да көк жібек.

Бәйшешектер,
Бай шешектер
Лаулаған жұлдыздай,
Жатады жапанда терілмей,
Жауқазын шашылып.
Күлбірейді,
Үлбірейді,
Қызарып тұр қыздай.
Сүйеге ұмтылған еріндей,
Қауызы ашылып.

Биік оты,
Киік оты,
Жас жусан жұпары

Кеуденің ашқандай науасын,
Мұрныңды жарғандай.
Жерін өпкен
Демін өкпең
Тойғанша жұтады,
Жұтады шипалы ауасын.
Сол рақат жалғанла!

О шеті жоқ,
Бұ шеті жоқ,
Жоқ саға,
жаға да,
Шалқыған егін-жай шулайды
Көктемнің әнімен.
Тынық мұхит
Тұнық мұхит
Көшкендей далаға,
Далада толқындар тулайды
Ұлы өмір сәнімен.

Масаңдайсың,
Масайрайсың
Бақ тауып мақтанып,
Мақтанып далаңның күшіне,
Заманның күшіне.
Көкектер де,
Көк кептер де

Жүрегін ақтарып,
Ақтарыш сыр шертер кісіге,
Жыр шертер кісіге.

Нұр таратқан,
Жыр таратқан
Бағандар қадамы-ай,
Қадамы-ай алыптай аттаған
Айшылық жолдарды!
Сонша қадам
Сонша маған
Керек-ақ, далам-ай!
Шарлар ем, шарлар ем шаттана
Сай-сала, жондарды!

Жондарын да,
Жолдарын да,
Жаңғыртып жазсам-ау,
Жазсам-ау Жыр атты қартаға,
Мәңгілік бояумен!
Майда небір
Майда қоңыр
Еседі-ау жас самал!
Сұлудың деміндей тартады, ә,
Сол дәйім ояу дем!

Жас өрім шақ
Жасырынбақ

Ойнайды-ау шалғында,
Шалғында шығына жуынып,
Жанын от қуырып.
Айға қарап,
Сай жағалап,
Өтеді-ау сал жылдар,
Өлем деп шашыңа буынып,
Жүрегін суырып.

Көктем өтер,
Көптен өтер,
Шөп шаштай бозарар
Көк жасыл бояуы солғанда,
Тұз бен тер сорғандай.
Содан ба екен,
Одан бетер
Көктемге көз құмар.
Қызыққыш, қызылшыл болғам ба,
Нем қалды сол маңда?!

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпақ та жапан далада
Жүріпті қазақ шашылып,
Жыл озған сайын арада
Алшақтап жігі,
Ашылып.

Жерленген әсем қалалар,
Мүжілген, шөккен
Таулар да.
Шұбарлап түзді,
Алалап
Шеру сап өткен жаулар да.

Өтіпті уақыт қызулы,
Теңіздер қайнап, тұнғандай,
Жоқ жерде жазу-сызуы
Бір тілден
Он тіл туғандай.

Бір тілден
Он тіл туғандай,
Рулар,
жүздер баяғы,
Босыпты дауыл қуғандай
Секілді дала саяғы.

Таласа бөрі аяқтан,
Басына хабар жетпеген.
Басына тисе таяқтар,
Аяқтан қолы
Кетпеген.

Жау тисе сырттан өріске,
Салыпты бүлік
Бөрі іште,
Пана да түскен бөліске,
Ана да түскен бөліске.

Бүтіндік, бірлік
Ерсі боп,
Жатқанда мал-жан енші боп,
Тіліміз ғана тұрыпты
Елші боп әрі емші боп.

Сол ғана қалған бөлінбей,
Бөліске түсер кезде ондай.
Сол ғана қалған бөлінбей —
Жүректей,
Күндей,
Ождандай.

Сол ғана қалған бөлінбей,
Күндерде қара көмірдей:

Жалғызбын, деген, өмірдей,
Ортақшын, деген, өлімдей.

Сол тұрған
Дәндей теріп ап
Қазақшын деген жүректі.
Замандар түрлі теліді ат,
Жеңген жоқ,
Бірақ жүдетті.

Кезі жоқ оның сарқылған,
Кем еді көзі бірақ та.
Теңіздей бүгін
Шалқыған,
Қор алыш сансыз бұлақтан.

Өзі де көпке құяды —
Тілдерге тілін жалғайды.
Төл оған әлем қиялы,
Жоқ оған жердің шалғайы.

Жасарып дана қария
Көрген жоқ мұнша өндірі боп,
Көрген жоқ көне дария
Мұнша бай, мұнша мөлдір боп!

Қанша жұрт тілін үйренсең,
Сол ғұрлы ана тілің шат:

Үйреніп жирен, жиренсең,
Өнерді,— дейді,— білу шарт.

Ұқпасам өз тіл — анамды
Ұлықмын деуім әңгілік.
Сәуле боп тұрсын санамда
Әлді, үні мәңгілік.

Білмесін-білсін түсімнен,
Ұқпасын-ұқсын түрімнен,
Танысын дүние ісімнен,
Танысын туған тілімнен.

ТІРІЛЕРГЕ ТІЛ ҚАТУ

Белгісіз солдат монологы

Тірілер
Жер бетінің тұрғындары,
Жүрегі — жыр құндағы,
Нұр құндағы!
Тірілер,
Туысқандар,
Майдандастар,
Басынан бірге өткізген қырғындарды!

Тірілер,
Қуанғаннан жылайтындар,
Көз жасын
«Өлді» деп те бұлайтындар!
Тірілер,
Табиғаттай тынымсыздар,
Алдында ұдай асу,
Ұдай тың бар!

Тірілер,
Көз алдымда тұр қатарың.
Сорақы түстей соғыс — тұл қатал күн.
Белгісіз солдатшын мен,
Рухшын мен,
Құдіретті Қырық бестен тіл қатамын.

Жеңістің тұңғыш таңы.
Ашық-ақ таң!
Туғандай адалдықтан, асыл-ақтан!
Берлинде тамашалап тұрып соны,
Мерт болдым
Ұрлап соққан пасық оқтан.

Есімде баяу шөгіп құлағаным,
Естідім әлдеқайдан бұлақ әнін.
Таныдым «қозым» деген анам даусын,
Талықсып сыбызғының жылағанын.

Бетіме тиді кенет жалын лебі.
Сыбызғы қыз боп сыңсып
«Жаным!» — деді.
Жай тауып сала берді жанған денем,
«Жаным» деу қандай тәтті, жағымды еді!

Барады құрып, әттең, сілем, демім...
Сол сөзге қалай шалқып, сүйенбеуім!
Ұялдың хатқа соны жааудан да,
Қиын-ау, қазақ қызы, «сүйем» деуің.

Бәйек боп шырқырады сыбызғы-қыз,
Күрт өшті күрт көрініп шымылдық, із.
Ақырын аспан құлап келе жатты,
Кеудеме қонды үбір-шүбір жұлдыз.

Жұлдыз ба,
Достарымның көздері ме,
Көрінген,
Соңғы үңілген кездерінде?
Немесе мөлтілдеген моншақ жас па?
Тамғанын тамшылардың
Сезді ерін де...

Үстіме тау болып тас үйілгендей.
Боздайды,
Күңіренеді
Күй інгендей.
Бетімді шешем жауып жаулығымен.
Қаралы тулар толқып, иілгендей,

Тіршілік тұрды уақыттың тұтамында,
Секілді сол елестер құт арыма.
Самал жел аңқытады гүл иісін,
Әлде бұл қолаң шаштың жұпары ма?

Жоқ, сірә, енді өмірдің қызғанғаны:
Жанғандай саусағымда қыз балдағы
Бұлғаған орамал боп
Бұлаңдайды
Даланың оймақ ауыз қызғалдағы.

Көз бен ой секундтарда жұмылғанша
Өткізді елестердің жұбын қанша!

Содан соң түндігін түн жауып алды,
Құлады құздан шынар, жығылды арша...

Тынбайды дүлей дауыл, асылы, өртсіз,
Өлім жоқ өкінішсіз, қасіретсіз.
Қайда да, қай күнде де тұрады кіл
Өлген боп кәрі жөнсіз, жас ретсіз.

Бір қаза ата-ананы опырған дал,
Бір үйде күңіреніп отырған жар.
Өлді деп төрт жыл күткен күн жеткенде,
Болған-ды мен үшін де опынғандар.

Иә, рас, өкінішті-ақ, туыстарым!
Жылытып жүрді мені тыныстарың.
Қаншама армандадым саялауды
Отаның тамылжыған тыныш таңын!

Аңсағам көк шалғында аунасам деп,
Жар сүйіп, ана көңілін ауласам деп,
Жатсам деп жұлдыз санап айлы түнде.
Айхай-хай, әсем, асқақ зауласа ән деп.

Жеңістің жүрдім болжап жемістерін:
Жас орман, жаңа қала, жер үсті егін.
Шартарап шат-шадыман, тату-тәтті,
Арулар қыздарыпдай періштенің.

Жасауға, жаңартуға қармандым мен,
Ой жоқ-ты елге қайтып барман деген.
Бөбектей
Тәтті үміттер әлдиленді,
Тіріде таусылған ба арман деген!

Фашистер баса көктеп заулап алға,
Жасыл бақ, алтын алқап лаулағанда,
Деп едім:
«Армансызбын көріп өлсем,
Тұтамын туған жердің жаудан ада».

Тілекті берді тағдыр — қолқам қарық:
Кек алдық,
Жеңдік жауды,
Талқандадық.
Ел азат,
Европа азат,
Әлем риза.
Азаткер — біздің ұлы дарқан халық!

Арман не жауынгерде жеңіп өлген,
Жауының жатағына еніп өлген!
Мен түгіл,
О баста мерт болғандар да
Із-тозсыз өшпесіне сеніп өлген.

(Әрине, әрбір өлім аза ұсынған,
Тартқандай әділсіздік жазасын жан).
Осынау нұрлы күнге жеткізген жол
Басталған
Сол ерлердің қазасынан.

Мен тірі, өлі айта алса тірімін деп,
Көз жұмдым бақыттының бірімін деп.
Мың рақмет,
Солдат еттің сеніп, халқым,
Мың рақмет,
Арқалаттың ұлы міндет!

Ер асыл
Елімнен мұңдас күні.
Ерлікте
Елдің ерді қимастығы.
Аманат ардақты Отан ұлылығы,
Аманат жеңістердің мирастығы.

Аманат — махаббат та,
Марқабат та.
Аманат —
Адам деген дарқан ат та.
Қызықты біз көрмеген
Ұрпақ көрсін,
Күн тұрсын күлім қағып әр қабақта.

Тірілер,
Деме мұны үгіттеуім.
Қай халық ұмытты ұлын,
Ұмытты ерін!
Қыздарға
«Күтпе өлгенді» дей беріңдер,
Үзбеңдер
Тек ата-ана үміттерін.

Жыр етсін сәби күнгі тілімізді,
Дей берсін аман бізді, тірі бізді.
Кебенек киген ұлын көрсе де олар,
Көрген жоқ кебін киген бірімізді.

Десеңдер есте екенін білсін ерлер,
Кейде тек іштей ғана күрсініңдер.
Бізді атап артық кірпіш қалаңыздар,
Бізге деп таңда бір шоқ гүл себіңдер.

Бізді атап артық шыбық егіңіздер,
Бізді атап артық тұқым себіңіздер.
Біз сүйген әнді жиі шырқаңыздар,
Біздерше досқа, адамға сеніңіздер.

Тірілер,
Күліңіздер,
Күйінбеңдер.

Өтілсін қол ұстасып қиын белдер.
Жүректер тілмашсыз-ақ
Тіл табады,
Жер шарын жұмыртқадай
Үйім деңдер.

Ақыл — ой, маңдай термен гүлдеген жер
«Сен» десін,
«Жасағаның кім?» — дегенде ел.
Біреудің қасіретіне қуанбаңдар,
Біреудің бақытын да күндемеңдер.

* * *

Оқушым, гәп бар ма сен түсінбеген!
Тыңдадым өлі сырын түсімде мен.
Демесек ой-ожданнның үні мұны,
Өлген соң қайтіп сірә кісі үндеген!

Ауыздан олар қашан түскен еді!
Бір тұрып, бірге түнеп, түстенеді.
Жасайды тірілердің тірлігімен,
Қолдасып істейді біз істегенді.

Жасайды
Әр жүректің дүрсілінде,
Ғаламат құрылыстардың гүрсілінде.

Жасайды
Бөбектің шат күлкісінде,
Гүл атқан жас қайыңның бүршігінде.

Жасайды
Дала атында, қала атында,
Самғаған елдің космос қанатында.
Соқтырып сәнді ертеңнің сағатын да,
Тұр олар саптағы ерлер санатында.

Мәңгілік ескерткіштер тасында олар,
Жаңбырда, жалт ойнаған жасында олар.
Бүгін де — тойшылардың арасында,
Әр үйде дастарқанның басында олар.

АНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жырда дейді
Оған теңеу жетпеген.
Қызда дейді
Одан сұлу өтпеген.
Жас жүректер
Суыртпақтай жаныпты
Ойнағандай дауыл күні отпенен.

Дертке дейді
Талайы оның шалықты.
Күндіз күлкі,
Түнде ұйқысыз талыпты.
Үнін естіп,
Жүзін көрген жігітте
Жүрек тоқтап,
Тіл байланып қалыпты.

Сирек, — дейді, —
Құда түсе бармаған.
Қараша үйді
Қалыңмал да арбаған.
Қу кедейге кеткен еріп қыз,
бірақ,
«Байлық емес,
Жігіт, — деген, — жар маған».

Жасапты оны ауыл аңыз, аспан эн.
Жарда, — дейді, —
Одан ару аспаған.
Жиырма бесте ара салмай
Бес ұлға
Ана болған,
Аз демеген ас-тағам.

Ардақтаған
Ел-жұрты оны алау деп,
Әйелде де
Небір асыл бар-ау деп.
Бұл атаған ең тәтті атпен ұлдарын,
Ал қосағын
«Көкесі» деп.
«Жар-ау» деп.

Бақыт — құс қой,
Бір қонып,
Бір ұшады.
Бақыт — қыс қой,
Бір қысып,
Бір құшады.
Соғыс келді.
Қалды мәңгі жаюлы
«Қош» деп ашқан
Жан жар, ана құшағы.

Бәрі кетті.
Үйде еркек қалған жоқ.
Қажырлы әйел
Көзіне жас алған жоқ.
Түнде зары
Жастықта тек тұншықты,
Мұны тосын ешбір құлақ шалған жоқ.

Қай қатаңдық?
Сенгендік пе көктемге?
Қайраттылық құдіреті ме,
Кектен бе?
Солдат жары, солдаттардың анасы
Мұң шақты тек
Айыр, қауға, кетпенге.

Шашқа түсті күміс арқау,
Тақпа сын —
«Қара қағаз»
Қақты алты рет қақпасын.
Сонда да ана
«Өлдіге» бір сенген жоқ,
«Тірі, — деді, —
Мейлі топан қаптасын!»

Ару, ана
Сол сенбеумен келеді.

Сондайлармен Отан — Отан, ер елі.
Әр баласын
Атын атап шақырып,
Және баяу
«Беу, көкесі-ай» дер еді.

Жалғыз емес,
«Әже» дейтін бала көп.
Не көп бүгін?—
Қызық шілдеhana көп.
Көп бөбектің
Осы кіндік шешесі!—
Отыр ана
Күллі ауылға ана боп.

«Ана» дейді бір тайпы ел — атырап,
Үйіне оның
Үзіліссіз қатынап.
Өзі қойсын, өзге қойсын —
Жарты ауыл
Кемпірдің жүр ұлдарының
Атын ап.

Әр уақытта
Секілді боп тірі ары,
Тағы бір ат
Тілі ұшында тұрады.

**Айттырмай да біледі жұрт ана ойын:
«Көкенің» де алады атын ұланы.**

**Әже риза, айыққандай атан дерт,
«Бір сендерлік бар тілегім, батам» деп.
Алланы емес, адам атын атайды
Жатарда да
«Жаным»,
«Қозым»,
«Ботам» деп.**

АР-ҰЯТ ТУРАЛЫ

— Ол ұят, —

деді сол қазақ қарт, —

Өлсең де ожданнан безінбе!..

Жас жігіт күлді оны мазақтап:

— Ұятың нан болса, езіп же.

— Жеп келем, жеп келем туғалы!

Адам боп жүргенім сондықтан, —

Деп қария тепсініп, тулады,

Әттең,

тек жігіт жоқ оны ұққан.

— Мен емес ұят деп елестін, —

Деді сол, айтысты тұжырып.

Қарт та жоқ оп-оңай көнетін,

Жыққандай сөзі оның жүз ұрып.

— Сен де бір өліксің ендеше,

Тірі боп жүрсең де санақта.

Адам ол өледі мен десе

Ұяттан айрылған сағатта...

Бұл сөзді естідім ат үсті,

Білмеймін сыры не, кім олар.

Қарт неге айтысқа қатысты?

Жігітте қаншама кінә бар?

Әйтеуір шал сөзі жөн еді,
Ақ атта дегені ағат па?
Иә, адам тірілей өледі
Ұяттан айрылған сағатта.

Ұят та — зор парыз, зор сүндет,
Секілді биіктік қиялы.
Бөбегі ғұмырлы болсын деп,
Ата-ана құлаққа құяды.

«Ұят» деп жұбатты жыласақ,
«Ұят» деп тоқтатты шуласақ.
Тіл қатпай тістендік құласақ,
Сол сөзден тыншыдық, туласақ.

Ашығып, арды асқа сатпадық,
Асығып, жолдастан безбедік.
Ерініп, еңбексіз жатпадық,
Ерігіп, есерлік кезбедік.

Ұят ол тірлікпен бір келді,
Ұятты ұққан соң тіл шықты.
«Ұят» деп тәніміз бүркелді,
Ұяттан жанымыз түршікті.

Күштілер күшінен ұялды,
Ерен ер еркінен қысылды.

Ұлылар кішіден ұялды,
Сұлулар көркінен қысылды.

Ұятпен адамдық өлшенді,
Ұятпен надандық өлшенді
Ұятпен адалдық өлшенді,
Ұятпен арамдық өлшенді.

«Ажалдан әркім-ақ бір өлер,
Ұяттан бір емес, күнде өлер.
Ұят ол — өлімнен күшті» деп,
Ұятқа ежелден түнеді ел.

Осылай болды да, болады
Кеше де, бүгін де — әр кезде.
Осылай болды да, болады
Адамда адамдық бар кезде.

2

Ұяттың жаны да бар дейді,
Ұяттың жары да бар дейді.
Ар — ұят — тірлік пен ауадай,
Адам мен Хауадай пар дейді.

Ұятсыз кісiде ар да жоқ,
Көнeдi қорлыққа, жалаға.

Арлыда арыз да, зар да жоқ,
Арынан жаны да садаға.

Қояндар қамыстан өліпті,
Батырлар намыстан өліпті.
Қорқақтар құлдыққа көніпті,
Батылдар дауыл боп төніпті.

Жер бетін орман боп жапқандай
Найзалар, сырықтар сыныпты.
Ер салар жауырсыз ат қалмай,
Терлікті көрпедей сырыпты.

Ар үшін ақындар мертікті,
Жырларын боздатып ботадай.
Жан-тәнін ажалға ер тікті,
Өлмен деп ел жауын отамай.

Күресте жықпасақ, арландық,
Арландық атымыз озбаса.
Талантқа қайдағы тарландық
Айтыста арқасы қозбаса!

Өлгендер өлсін тек ажалдан,
Өлмесін тірілей ұяттан.
Ар-ұят — кісілік, ажар, нан,
Табиғат-ананың сыйы артқан.

**Азаттық — о да адам ары үшін,
Ар үшін бақыт та, тірлік те.
Біз қолда жоқ үшін, бар үшін
Түнектің түндігін түрдік те.**

**Қанша жан, қай заман озбасын,
Намысын қорғады барымен.
Жасаңдар, жасаймын өз басым
Ардагер Октябрь арымен.**

**БАР БОЛҒЫР ҚЫЗ-АЙ,
ҚҰРҒЫР-АЙ**

**От тастап, әрі ой тастап,
Сайрайсың мұңсыз бұлбұлдай.
Өтесің күнде ойқастап,
Біресе олай, бір бұлай,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!**

**Ертеде көрген түстейсің,
Ол дәурен енді бұлдырақ,
Аспаннан жерге түспейсің,
Аққу боп самғап құлдырап,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай.**

**Жастық шақ сұлу сендеймен,
Күлкің күн бейне, нұрың ай.
Мен астым ондай деңгейден,
Сен гүлдей жайнап тұр ұдай,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!**

**Арман да тәтті сендеймен,
Армандай әсем бол ұдай.
Орман да шатты сендеймен,
Сайрай бер мұңсыз бұлбұлдай
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!**

ДАСТАРҚАН ЖЫРЫ

Қане достар, сәл тыныштық, сәл тағат!
Қандай ғажап бұл қуаныш, салтанат!
Дастарқанда — даламыздай береке.
Жүректерде — сансыз тілек, сан талап.

Қане, достар, қане, достар,
Жақсылыққа жол болсын!
Мұраттар да зор болсын!
Бұлақтар да мол болсын!
Қайсы бірін, қайсы бірін айтарсың —
Не тілесей — сол болсын!

Жомарттардан аулақ жүрсін сұм тарлық.
Бізге лайық — қанаттылық, сұңқарлық.
Кәріміз жас, жастарымыз бас болсын,
Дәуірлесін дарқан достық, іңкәрлік.

Бастық әнге, әнсіз жүрдік қашан біз!
Жаңғырықсын жалпақ дала, қасаң құз!
Шарап емес, қымыз да емес, сәл қызсақ,
Біз бақыттан, біз паттықтан масаңбыз!

ҚЫЗ СЫРЫ

Түсімде самғайсың қыран боп,
Өтімде өтесің қылаң боп.
Дүниенің қызығы бір сендей,
Жүректе жүресің жыр-ән боп.

Қыз сыры — ішінде,
Естілмес өзінен.
Қыз сыры — ішінде,
Көре біл көзінен,
Сазынан,
Назынан.

Бақыт қой — сағынар болғаны.
Бақыт қой — шағынар болғаны.
Сағынам, шағынам сыртыңнан.
Саған тек беймағлұм, ол-дағы.

Жүргенге не жетер ар сақтап.
Әдепті бола гөр әр шақта-ақ.
Сен бұрын ұсын тек қолыңды,
Сен бұрын ұмтыл тек қарсы аттап.

ҒАШЫҚ БОП ӨТЕМІЗ

Біз, еркектер,
Анадан жаралдық.
Біз, еркектер,
Анадан нәр алдық.

Жар сүйдік әйелден,
Әке боп балаға.
Жар сүйдік әйелден
Ері үшін садаға.

Әйел ғой аялайтын ертелі-кеш.
Ер жігіт оны қалай еркем демес.
Әйел ғой — сұлулық та, ұлылық та.
Әйелге бас имеген — еркек те емес.

Біз, еркектер,
Ұрыста ұлымыз.
Біз, еркектер,
Сұлулық құлымыз.
Әмірге шабылмай,
Әйелге шабылдық.
Тәңірге табынбай
Әйелге табындық.

Біз, еркектер,
Ол барда әлдіміз.

**Біз, еркектер,
Ол барда арлымыз.**

**Ол — күн, гүл, ай ерге,
Өмірмен оты егіз.
Өлгенше әйелге
Ғашық боп өтеміз.**



М А З М Ұ Н Ы

Байқоңыр баспалдақтары <i>поэма</i>	7
<i>Өлеңдер</i>	
Бәрекеелді	101
Сен дегенде, Ленинград	105
Жазғытұрғы дала	107
Қазақ тілі	111
Тірілерге тіл қату	115
Ана туралы баллада	124
Ар-ұят туралы	129
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!	134
Дастарқан жыры	135
Қыз сыры	136
Ғашық боп өтеміз	137

ИБ 699

ДЖУБАН МОЛДАГАЛИЕВ

СТУПЕНИ БАЙКОНУРА

Поэма и стихи

(На казахском языке)

Редактор *Д. Канатбаев*. Художник *М. Кисамединов*.
Худ. редактор *А. Смагулов*. Тех. редактор *С. Лепесова*.
Корректор *О. Танкишева*.

Сдано в набор 4/VII-77 г. Подписано к печати 22/IX-77 г.
Бумага тип. № 1. $84 \times 108 \frac{1}{64}$ —2,187 п. л. = 3,675 усл. п. л.
(Уч.-изд. л. 4,24). Тираж 10 000 экз. Цена 55 коп. УГ08192.

Издательство «Жазушы», 480091, г. Алма-Ата,
пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 970. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

55 т.

